# "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Мемлекеттік мекемелер мемлекеттік мекеменің өтінімдерін қалыптастыру және оны бекіту үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне жіберу жолымен тиісті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржыландыру жоспарының бекітілген жылдық сомасы шегінде шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктері жөніндегі соманы кемітуді ( арттыруды) талап ететін факторлар туындаған жағдайда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес өзгерістер енгізе алады.»;

34-тармақтың үшінші бөлігінің сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жоспарлы соманы бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының бір ерекшеліктері бойынша ұлғайту (азайту) қаржыландыру жоспарында көзделген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша айдың қорытынды сомасы шегінде басқа ерекшеліктер бойынша жоспарлы соманы азайту (ұлғайту) есебінен, бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін;»;

43-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Өтінімді қабылдамаған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бір жұмыс күні ішінде, бірақ ағымдағы айдың жиырмасы күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ескертулерін есепке ала отырып, түзетілген өтінімді ұсынады.»;

59-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59-1. Бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясында міндеті түрде қарай отырып, республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар арасында үнемдеу сомасын ауыстыруды жүзеге асырады.

Бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен тиісті бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, үнемдеу сомасын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында ауыстыруды жүзеге асырады.

Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Бюджет комиссиясы шешімінің негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдар қаулыларының жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттерінің есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша үнемдеу пайда болған жағдайда бюджеттік инвестициялық жобалар арасында соманы ауыстыру осы Ереженің 257-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

65-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Кеден одағына мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында белгіленген нормативтер бойынша бөлінген түсімдерді есептеумен және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшін ашылған шоттарға аударумен;»;

69-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«69. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық

бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтар беру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге өтінімді ұсынады.»;

78-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты мынаны қамтуы тиіс:

шот ашылатын мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;

БСН;

шоттың атауы;

валюта түрі (Ұлттық Банк олар бойынша айырбастау және қайта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын валюталар түрлерінің тізбесіне сәйкес);

шығыстарды бағыттау мақсаттары;

шетел валютасында шот ашу үшін негіз.»;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«79. Мыналар:

1) халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы заңнамасына сәйкес жасалған халықаралық шарттар;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастықты, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру немесе шетел валютасында операциялар жүргізу көзделген нормативтік құқықтық актілері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент еместерімен жасалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу туралы шарт;

4) мемлекеттік мекемелерде оларға сәйкес шетел валютасында міндеттемелер туындаған халықаралық соттардың шешімдері бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шетел валютасында шот ашуына қолдаухат беруге негіз болып табылады.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі шетел валютасында шот ашуға қолдаухат беру негізділігін қамтамасыз етеді.»;

81 және 82-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«81. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге ақылы қызметтер ҚБШ-сын ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашуға өтінім береді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеден алынған қолма-қол ақшаны

бақылау шоттарын ашуға өтінімнің негізінде осы Ережеге 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашуға өтінімді қалыптастырады және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

82. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сын ашу үшін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға өтінім береді, ол:

1) ақылы қызметтердің ҚБШ үшін - мемлекеттік мекемелердің тауарларды ( жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсімдер жоспарының және ақшаның жұмсалуының;

2) демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ үшін – бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган берген рұқсаттар негізінде жасалады.»;

83-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім мемлекеттік мекемеге немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға өтінім белгіленген нысанға сәйкес келмеген не болмаған немесе:

1) ашылатын қолма-қол ақшаны бақылау шотының түрі;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы немесе коды;

3) мемлекеттік мекеменің атауы немесе коды;

4) бюджет түрі;

5) қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашу үшін негіздер дұрыс көрсетілмеген жағдайда орындаусыз қайтарылады.»;

85 және 86-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге өтінім береді.

86. Мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген жағдайда жергілікті уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге өтінім береді.»;

91-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжаттар

жинағы мынадай құжаттарды қамтиды:
1) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың нотариалды расталған көшірмесі;
2) мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі ережесінің (жарғысының) көшірмесі;
3) қолдардың және мөр бедерінің үлгісі;
4) мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері және қаржылық құжаттардағы бірінші және екінші қол қою құқығын жүктеу туралы бұйрықтардың көшірмелері;
5) демеушілік, қайырымдылық көмек, уақытша ақша орналастыру ҚБШ және шетел валютасындағы шоттарды ашуға рұқсат.»;
93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«93. Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжаттар жинағын қалыптастырған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктегі/анықтамадағы, ережедегі (жарғыдағы) және мөр бедеріндегі (ММ үшін - елтаңбалы) мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісі атауының бірдейлігін тексереді. Алшақтықтар анықталған жағдайда сәйкестендіру үшін мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне қайтарады.»;
106-тармақта:
1) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«осы Ережеге 46-қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттары бойынша үзінді» 8-17-нысаны бойынша;»;
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері осы тармақта көрсетілген есептерді дербес қалыптастырады.»;
113-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«113. Жабылатын ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-да, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотында немесе шетел валютасындағы шотта ақша қалдығы болған кезде мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі жабылатын:»;
мемлекеттік тілдегі мәтінінде 5) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«квазимемлекеттік сектор субъектісі құрылтайшысының шотына есептеу арқылы төлеуге берілетін шотты пайдаланылмаған ақша қалдығын аударуға төлем тапсырмасын немесе шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімді («Қазынашылық-клиент» АЖ-де электронды түрін қалыптастырады)

ұсынады.»;

113-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеме мен құқықтық мирасқор-мемлекеттік мекеменің деректемелерін: мемлекеттік мекеменің атауын, БСН, кодын, ҚБШ нөмірін, сондай-ақ ҚБШ-дағы аударуға жататын ақша қалдығының сомасын қамтуы тиіс. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі қолдаухатты алған күннен кейінгі күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-дағы ақша қалдығын құқықтық мирасқордың тиісті ҚБШ-на аударуды жүзеге асырады.»;

130-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) ҚР ҰБ ашылған Кеден одағына мүше мемлекеттердің шоттарына сомаларды аударуды жүзеге асырады.»;

131-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«131. Төлем құжаттарын ЖСК, БСК, БСН бар-жоғына және сәйкестігіне, ҚР ББС бюджеттік сыныптама кодының бар-жоғына тексеру жүзеге асырылады.»;

137-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) есептеген жағдайда – бюджеттік сыныптама коды, артық (қате) төленген сома есептелетін бюджет түсімдерінің атауы, БСН және салық органының атауы;»;

138-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

« - төлеушіден есептеуге өтінім түскен күннен бастап төрт жұмыс күнінен кешіктірмей;

- төлеушіден қайтаруға өтінім түскен күннен бастап сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына ұсынады.»;

138-1-тармақ алынып тасталсын;

156-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«156. Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан артық емес мөлшерде шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай ерекшеліктері бойынша жол беріледі:

141 «Тамақ өнімдерін сатып алу»;

142 «Дәрі-дәрмектер мен өзге де медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алу».

Осы Ереженің 157-160, 160-2-тармақтарында көрсетілген ерекшеліктер мен шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстар түрлерін қоспағанда, шығыстардың экономикалық сыныптамасының

көрсетілген тізбеге енбейтін ерекшеліктері бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

Республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру кезінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу үшін мемлекеттік мекеме ағымдағы жылы осы мақсаттарға көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлемді шығыстардың экономикалық сыныптамасының 418 «Мемлекеттік мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру» ерекшелігі бойынша жүзеге асырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар қайта жасасқан және бұрын жасасқан ұзақ мерзімді шарттар бойынша күрделі жөндеу мен қалпына келтіруден басқа, жаңа объектілерді салу және қолданыстағыларын реконструкциялау үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру үшін мемлекеттік мекеме экономикалық шығыстар сыныптамасының 435 «Мемлекеттік кәсіпорындардың жаңа объектілерін салу және қолданыстағы объектілерін реконструкциялау» ерекшелігі бойынша осы мақсаттарға ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлем жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеме бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының 423 «Мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша:

1) мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын қалпына келтіруді және күрделі жөндеуді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық рәсімдерді өткізген жағдайда ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының;

2) мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын қалпына келтіруді және күрделі жөндеуді жүргізу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруға ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлемді жүзеге асырады.»;

156-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«156-1. Шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламалары шеңберінде стипендиаттардың оқуын және ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру мақсатында экономикалық шығыстар сыныптамасының 164 «Стипендиаттардың шетелде оқуына төлеу» ерекшелігі бойынша ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелде кадрлар даярлау мен қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламаларын, оның ішінде Қазақстан

Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі қызметтерді беруші етіп айқындаған заңды тұлғаның (бұдан әрі – Халықаралық бағдарламалар орталығы) өтінімін қоса бере отырып, төлеуге берілген шоттың негізінде жүзеге асырылады.»;

157-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«157. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының мынадай:»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 155 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерді төлеу» ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге тек үкіметтік емес ұйымдарға ғана мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындаған кезде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.»;

157-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«157-1. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 431 «Жаңа объектілер салу және қолданыстағы объектілерді реконструкциялау» ерекшелігі бойынша:

1) мердігерлік ұйым төлеу сомасына жабдықты жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін берген жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде дайындаудың технологиялық мерзімі бір жылдан асатын күрделі энергетикалық жабдықтар құнының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде;

2) әскери мақсаттағы жаңа объектілерді салуға және қолданыстағы бар объектілерді реконструкциялауға жұмсалатын шығындарға ақы төлеу үшін аванстық (алдын ала) төлем жасауға рұқсат етіледі.

Әскери мақсаттағы заттар мен материалдарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 149 « Өзге қорларды сатып алу» ерекшелігі бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы көлік құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 413 «Көлік құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 414 «Машиналар,

жабдықтар, құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалын сатып алу» ерекшелігі бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.»;

157-2-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстарға ақы төлеу тұтастай алғанда шарттың жалпы сомасының тоқсан бес пайызы шегінде жүргізіледі. Қолдану мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттар бойынша шарттың жалпы сомасынан бес пайызды ұстауды мемлекеттік мекеме объектіні аяқтаудың соңғы жылында жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен қаражат бөлінген жағдайда, сондай-ақ қаражат объектіні салуды бастауға бөлінгенде, ағымдағы қаржы жылына аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарттар бойынша бес пайызды ұстау жүргізілмейді. Бұл ретте көрсетілген жағдайларда объектілер бойынша ағымдағы қаржы жылына түпкілікті төлем аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеме ұсынатын орындалған жұмыстардың актісі негізінде жүргізіледі.

Орындалған жұмыстар үшін тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы түпкілікті есеп айырысу ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстарды аяқтағаннан және тапсырыс беруші аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қабылдау комиссиясының қол қойылған актісін ұсынғаннан кейін жүргізіледі.»;

160-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«160. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді.

Егер жалға алу шартына сәйкес депозиттік соманы төлеу туралы банк кепілдігін беру туралы талап көзделсе, шығыстардың экономикалық сыныптамасының 154 «Үй-жайды жалдауға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) ақы төлеуге Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінің жалға алу сомасын төлеуге ғана рұқсат етіледі.»;

мынадай мазмұндағы 161-1-тармақпен толықтырылсын:

«161-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жасалған шартта міндетті түрде аталған шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық

айыбы (айыппұл, өсімпұл), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің шарттың толық сомасынан тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті көзделеді.

Мемлекеттік мекеме шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің бұзылу жағдайларын қоса алғанда, ақша алушы тарапынан шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда толық көлемде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.»;

166-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесі;»;

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, жеке нотариус ретінде, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) ақшаны алушы резидент емес болып табылған жағдайда:

ол болған кезде бенефициардың және бенефициар банктің, делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжат;

ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растау хаты.»;

170-тармақтың 5), 6), 8) және 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) «Мемлекеттік мекеменің атауы» ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен мемлекеттік мекеменің жұмысын қиындатпайтын ұйымдық-құқықтық нысанның атауын және мемлекеттік мекеменің атауын қысқартуға жол беріледі;

6) «Шығыстың сипаттамасы» ашық жолағында шығыстардың экономикалық сыныптамасының құрылымына сәйкес жасасқан шарттың мәні көрсетіледі. Осы ашық жолақта «Қазынашылық-клиент» АЖ Қазақстан Республикасының резиденті еместің деректемелері көрсетіледі;

8) «Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК» ашық жолағында ақша алушының толық атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) және оның банктік деректемелері (оған қызмет көрсететін банктің ЖСК, атауы және БСК) көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің жұмысын қиындатпайтын мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің атауын және

ұйымдық-құқықтық нысанының атауын қысқартуға жол беріледі; егер ақша алушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, осы жолақта резидент еместің (қағаз тасығышта) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректемелері көрсетіледі;

«Қазынашылық-клиент» АЖ-да «Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК» ашық жолағы Ақша алушылардың анықтамалығынан таңдалады;

16) «құжат – негіздеме» ашық жолағында шарттың (қосымша келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;»;

174-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазынашылық-клиент» АЖ-да өтінімді қалыптастыру кезінде мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған өтінімнің электрондық түріне растау құжаттарымен бірге өтінімдердің және міндеттемені тіркеу туралы хабарламаның нөмірлері (шарттың нөмірі мен күні, болған кезде қосымша келісімнің нөмірі мен күні) көрсетілген түсіндірме жазба қоса тіркеледі.»;

175-тармақ мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жасалған шартта ақша алушының тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу туралы талаптың, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің осындай тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз ету міндеті туралы талаптың болуы;

16) егер ақша алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда, шарт талаптарында шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын міндетті түрде көрсетудің болуы немесе егер ақша алушы ҚҚС төлеуші болмаған жағдайда ҚҚС болмауы.»;

178-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«178. Шартты тіркеу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) мемлекеттік мекеменің ақша алушымен жасасқан шартының (қосымша келісімінің) тіркелуін растайтын құжат болып табылады.

Хабарлама аумақтық қазынашылық бөлімшесінде шарт (қосымша келісім) нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеген кезде ғана беріледі.

Хабарлама ҚБАЖ-да бекітілген өтінім деректемелерінің негізінде ҚБАЖ-да қалыптастырылады.»;

187-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«187. Бюджет қаражатының жұмсалуына мониторингті және мемлекеттік мекеменің қабылданған міндеттемелері бойынша егжей-тегжейлі ақпарат алуды қамтамасыз ету үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ережеге 71-қосымшаға сәйкес 4-09 «Мерзімді міндеттемелер бөлшектері» нысанындағы есебін және мемлекеттік мекеменің сұратуы бойынша берілетін осы Ережеге 72-қосымшаға сәйкес 4-12 «Орындалмаған міндеттемелердің бөлшектері» нысанындағы есебін, сондай-ақ осы Ережеге 31-қосымшаға сәйкес 4-20 «Шығыстар бойынша жиынтық есеп» нысанындағы есепті ай сайын және мемлекеттік мекеменің және/немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің сұратуы бойынша айдың 1 және 16 күніндегі жағдай бойынша ведомстволық бағынысты мекемелер бөлінісінде қалыптастырады.»;

190-тармақта:

бірінші бөліктің 6) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«6) аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде шот-фактуралардың, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмелерін, актілер жасалмайтын көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындау кезінде орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмелерін немесе тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша аванстық төлемнің сомасын қоспағанда, төлем жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі – растаушы құжаттар) көшірмесін беруді. Бұл ретте көрсетілген құжаттардың көшірмелері өнім берушінің жеке қолы не ЭЦҚ қойылып, ұсынылады;

8) «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде – мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған растаушы құжаттардың сканерленген үлгісін тіркеуді;»;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік мекеме растаушы құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.»;

195-тармақтың үшінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлға:

заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін;

клиенттің салықтық есепке тұру фактісін растайтын салық органы берген құжаттың көшірмесін;

оның нөмірін (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) көрсете отырып, банктік шоттың болуы туралы банк анықтамасының;

ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып (ақша алушы

резидент емес болып табылған жағдайда) мемлекеттік мекеменің растау хатын;»;

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесін, жеке нотариус ретінде, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін;»;

196-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«196. Төлем жүргізілгеннен кейін мемлекеттік мекемелердің төлеуге берілетін шотының екінші данасы және осы Ереженің 76-қосымшасына сәйкес 5-15 «Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің төлемдерін жүргізу жөніндегі күнделікті көшірмесі» нысаны бойынша қалыптастырылған есеп (бұдан әрі – 5-15-нысан) төлеуге берілетін шотта төлем жүргізілген күнді және 5-15 нысанда салыстыру жүзеге асырылған күнді көрсете отырып, салыстырылады, аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысының қолымен және мөртабан бедерімен куәландырылады және мемлекеттік мекемеге беріледі.»;

197-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотын (корпоративтік төлем карточкасын) толықтыру үшін сомаларды аудару бойынша шектеуді арттырған;»;

5-1) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) түпнұсқалылығын тексеру кезінде ЭЦҚ-ның болмауы немесе дұрыс еместігі айқындалған;»;

«10) банктік деректемелерді қоспағанда, төлеуге берілетін шоттар деректемелерінің төлеуге берілетін шоттарға қоса берілген (осы Ережеде белгіленген жағдайларда құжаттар қоса берілген (сканерленген түрі жапсырылған) кезде) растайтын құжаттардың деректемелеріне сәйкес келмеген;»;

199-тармақта:

3), 9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Мемлекеттік мекеме» бөлімінде:

«ММ-нің коды» ашық жолағында Мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің жеті белгіден тұратын коды көрсетіледі;

«Атауы» ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен мемлекеттік мекеменің жұмысын қиындатпайтын ұйымдық-құқықтық нысанының және мемлекеттік мекеменің атауын қысқартуға жол беріледі;

«ЖСН/БСН» ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте/анықтамада көрсетілген мемлекеттік мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

«АҚБ» ашық жолағында мемлекеттік мекемеге қызмет көрсететін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің атауы көрсетіледі;

«БСК» ашық жолағында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

9) «Ақшаны алушы» бөлімінде:

«Атауы» ашық жолағында – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін ақшаны алушының атауы; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің жұмысын қиындатпайтын ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің ұйымдық-құқықтық нысанының және ақша алушының атауын қысқартуға жол беріледі;

10) «ЖСН/БСН» ашық жолағында ақша алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;»;

16) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы аударымдар жүзеге асырылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде мемлекеттік мекеменің заңды тұлға болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің атауы мен БСН-і;»;

19) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Мөр уақытша болмаған жағдайда құжаттар аумақтық қазынашылық бөлімшесіне «М.О.» ашық жолағында «уақытша мөрсіз» деген белгімен мөрдің бедерісіз беріледі;»;

202-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік мекеме демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру және мақсатты қаржыландырудың ҚБШ төлемдер мен ақша аударымын жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттарда «түпкілікті» мәртебесі көрсетіледі.»;

209-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«209. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерді, жеке тұлғаларға стипендияларды, төлемдерді ағымдағы шоттарға немесе міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды ақша алушылардың жинақ шоттарына аудару жөніндегі төлемдерді жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы осы Ережеге 80-қосымшаға сәйкес 5-15а «Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме (мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемақы, стипендиялар, жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе ақша алушылардың жинақ шоттарына төлемдер

және әлеуметтік есептеулер аудару бойынша)» нысаны бойынша екі данада ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірмені (бұдан әрі – үзінді көшірме) қалыптастырады. Үзінді көшірме операциялық күн жабылғаннан кейін қалыптастырады. Үзінді көшірменің әрбір беті төлем жүргізу күнін көрсете отырып, жауапты орындаушының қойылған қолымен және мөртабан бедерімен куәландырылады және осы Ереженің 196-тармағында көзделген құжаттармен бірге мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекемелер үзінді көшірмені алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде деректердің мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдер, жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер жөніндегі бастапқы құжаттарға сәйкестігін тексереді және мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің қолы қойылған және елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылған 5-15А-нысанының бір данасын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қайтарады.

Мемлекеттік мекемелер ұсынған үзінді көшірмелер аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тігіледі.»;

212-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

235-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтық қазынашылық бөлімшесі жеті жұмыс күні ішінде олардың есептелген күнінен бастап сомалардың 902-шотқа есептелу себебін анықтауды қамтамасыз етеді, төлемдер қате аударылған жағдайда, сома ақшаны жөнелтушіге кері қайтарылады.»;

245-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Инкассолық өкімді орындау 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етілмеген жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ереженің 242-тармағы 2) тармақшасының екінші – сегізінші абзацтарында көзделген шығыстар БСК және жеке тұлғаларға трансферттер беруге, сондай-ақ соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, барлық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұруды жүзеге асырады.»;

246-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Инкассолық өкімді алған және мемлекеттік мекемеде мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы жұмсалым сомасы болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, алынған инкассолық өкімдерді алуға және бір жыл бойы сақтауға міндетті.»;

256-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«256. Аумақтық қазынашылық органына инкассолық өкім ұсынылғанға дейін

мемлекеттік мекеменің атқарушы құжатты өздігінен орындауы ол белгілеген мерзімдерде төлеуге берілген шоттың негізінде бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 165 «Атқарушы құжаттарды, сот актілерін орындау» ерекшелігі бойынша жүзеге асырылады.»;

257-тармақтың сегізінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджет комиссиясының белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарауымен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен келісім бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының;

тиісті бюджет комиссиясының белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарауымен облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының соманы ағымдағы қаржы жылында жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында ауыстыруды жүзеге асыруына рұқсат беріледі.»;

261-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Төмен тұрған бюджеттердің ағымдағы жылдың нысаналы трансферттері бойынша да, өткен жылдардың нысаналы трансферттері бойынша да жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің мақсатқа сай пайдаланылмаған сомаларын өтеуді тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті нақтылау кезінде жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырады.»;

262-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаражатты қалпына келтіруді және аударуды төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының әкімшісі нысаналы трансферттерді әрбір қайтару бойынша төлеуге берілетін шоттың көшірмесін және негіздеме хаттың көшірмесін жоғары тұрған бюджетке дейін жеткізе отырып, ҚР ББС бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының тиісті бюджеттік бағдарламасы бойынша төлеуге берілетін шот негізінде жүргізеді.»;

268-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«268. Келісім әрбір нысаналы трансферт бойынша жеке жасалады:

нысаналы даму трансферттері бойынша бірнеше инвестициялық жобалар болған жағдайда, 2 және 3-қосымшалар инвестициялық жобалар бөлінісінде толтырылады.»;

269-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

284-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«284. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шетел валютасын

түрлері бойынша мемлекеттік мекеменің шетелдік валютадағы тиісті шоттарына есептеген күні аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекеменің шетел валютасындағы шоттары бойынша үзінді көшірмелерді қалыптастырады және мемлекеттік мекемеге шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтінішті мемлекеттік мекеменің одан әрі ұсынуы үшін қағаз тасығышта береді, сондай-ақ аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының белгісі соғылған және шетел валютасындағы шоттарға ақша есептелген күнін көрсетіп, қағаз тасығышта ұсынылған шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімнің бір данасын қайтарады. Қағаз тасығышта ұсынылған шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімнің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 8-17 есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес жасайды.»;

289-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«289. Мемлекеттік мекеменің шетел валютасындағы шоттары бойынша үзінді көшірме қалыптастырылғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы оларды қағаз тасығышта мемлекеттік мекемеге береді және қағаз тасығышта ұсынылған жауапты орындаушының белгісі соғылған, шетел валютасындағы шоттан ақшаны есептен шығарған күні көрсетілген шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініштің бір данасын қайтарады. Қағаз тасығышта ұсынылған шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініштің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 8-17 есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес қалыптастырады.»;

304-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«304. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттарынан ақшаны есептен шығарған күні шетел валютасындағы шоттары жөніндегі үзінді көшірмені мемлекеттік мекеменің аумақтық қазынашылық бөлімшесі қалыптастырады және мемлекеттік мекемеге қағаз тасығышта береді, сондай-ақ жауапты орындаушының белгісі соғылған шетел валютасындағы шоттардан ақшаны есептен шығару күнін көрсете отырып, қағаз тасығышта ұсынылған мемлекеттік мекеменің шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнің бір данасын қайтарады. Қағаз тасығышта ұсынылған шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 8-17 есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес қалыптастырады.»;

304-13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«304-13. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы өзгерген жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 37-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауын өзгертуге өтінім береді.»;

304-17-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы электрондық төлем тапсырмаларын жасау кезінде тиісті электрондық жолда төлем түрін көрсету қажет:

– қарапайым төлем;

– қосымшасы бар жиынтық 10 %-дық зейнетақы төлемі;

– еңбекақыны және дивидендтерді аудару;

– қосымшасы бар әлеуметтік аударымдар;»;

304-18, 304-19, 304-20 және 304-21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын :

«304-18. Квазимемлекеттік сектор субъектісі:

1) төлем тапсырмаларын ұсынудың заңдылығы мен негізділігін;

2) төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығын;

3) ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;

4) жасалған операциялардың дұрыстығын;

5) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесін қоса бере отырып, қаржы-экономикалық негіздемені ұсынуды, ал «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін болса – квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы мен квазимемлекеттік сектор субъектісінің бас бухгалтері ЭЦҚ қойған сканерленген түрінің қоса тіркелуін;

6) «Қазынашылық-клиент» АЖ-ны пайдалану кезінде заңды тұлғаның құжаттар жинағындағы деректерге квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы мен квазимемлекеттік сектор субъектісінің бас бухгалтерінің ЭЦҚ-ларының дұрыстығын қамтамасыз етеді.

304-19. Төлемдер мен аударымдарды жүргізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мыналарды қағаз тасығышта немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде:

1) жарғылық капиталын ұлғайту/қалыптастыру кезінде – бағалы қағаздар нарығын қадағалау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның куәлігін не квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударылған жағдайда басқару органдарының тиісті шешімін;

2) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде – шот-фактураның немесе тауарды жеткізу туралы жүкқұжатының (актінің) көшірмесін немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрін;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесін қоса бере отырып, қаржы-экономикалық негіздемені ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлеріне еңбекақы мен басқа да ақшалай төлемдерді аудару, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдер бойынша төлемдерді жүргізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз тасығыштағы төлем тапсырмаларымен бірге ақшаны алушылардың тізімін ҚБЕО-да белгіленген хабарламалар форматында магниттік (электрондық) тасығышта береді. «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша беру кезінде төлем тапсырмасының электрондық түріне ҚБЕО-да белгіленген хабарламалар форматында магниттік (электрондық) тасығыштағы ақшаны алушылардың тізімі қоса тіркеледі және бухгалтердің ЭЦҚ-сымен қол қойылады.

304-20. ҚБАЖ-да ақша алушы болмаған кезде, квазимемлекеттік сектор субъектісі ақша алушыны осы Ережеге 62-қосымшаға сәйкес ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге өтінімді қағаз тасығышта немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде ұсынады.

ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері болмаған кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі ақша алушы деректемелерінің өзгерістерін ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге осы Ережеге 63-қосымшаға сәйкес өтінімді қағаз тасығышта немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде ұсынады.

Төлем тапсырмасында көрсетілген ақша алушының деректемелерінің дұрыстығын квазимемлекеттік сектор субъектісі қамтамасыз етеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде ақша алушы болмаған кезде «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде берілетін төлем тапсырмасын жасау кезінде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы ақша алушының ҚБАЖ-дағы Ақша алушылардың анықтамалығында бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады, қажетті ақша алушы ҚБАЖ-дағы Ақша алушылардың анықтамалығында болған кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы Ережеге 63-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді қалыптастырады.

304-21. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі квазимемлекеттік сектор субъектілерінен төлем тапсырмаларды қағаз тасығышта және « Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде қабылдауды жүзеге асырады.

Қағаз тасығышта квазимемлекеттік сектор субъектілерінен төлем тапсырмаларын қабылдау белгіленген қызмет көрсету кестесіне сәйкес жергілікті уақытпен сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырылады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде жергілікті уақытпен сағат 16.00-ден кейін түскен төлем тапсырмасы орындалады не орындалмай келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылады.»;

304-22-тармақтың екінші бөлігінде:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Ережеде көзделген растау құжаттарын қосымшаларсыз ұсынған ( сканерленген түрі қоса тіркелмеген немесе қоса тіркелген сканерленген түріне квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы мен бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылмаған);»;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«түпнұсқалығын тексеру кезінде ЭЦҚ болмауы не дұрыс болмауы айқындалған;»;

он үшінші абзацтағы «ұсынылған жағдайларда орындалмай қайтарылады» деген сөздер «ұсынылған;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«ҚБЕО белгіленген хабарламалар форматындағы магниттік (электрондық) тасығышта қателер анықталған;

төлем тапсырмасында көрсетілген мақсаты қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген жоспарланған іс-шараларға сәйкес келмеген жағдайларда орындалмай қайтарылады.»;

304-24 және 304-25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«304-24. Қазақстан Республикасының резидент еместерімен шетел валютасында жасалған шарттар бойынша төлемдер жүргізілген кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы Ережеде көзделген тәртіпте аумақтық қазынашылық бөлімшесіне квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан сол күні шетел валютасын сатып алу үшін екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа ақша аудару үшін төлем тапсырмасын қағаз тасығышта немесе « Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде ұсынады.

Шетел валютасын айырбастауға арналған төлем тапсырмасында «Төлем мақсаттары» ашық жолағында:

1) сатып алынатын валютаның түрі мен сомасы;

2) ол бойынша шетел валютасы сатып алынатын бағам;

3) резидент емеспен жасалған шарттың күні мен нөмірі;
4) шарттың мәні;
5) құжаттың (тауарларды жеткізгені туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің), не орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын басқа да құжаттың) атауы, нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шетел валютасын сатып алу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісінен төлем тапсырмаларын қабылдау жергілікті уақытпен сағат 10.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан айырбасталған шетел валютасы оның екінші деңгейдегі банкте шетел валютасындағы шотына валюталардың түрлері бойынша есептелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.

Пайдаланылмаған не түгел пайдаланылмаған шетел валютасы көрсетілген мерзімі өткеннен кейін шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына сомасын ұлттық валютада қалпына келтіре отырып, қайта айырбасталуы тиіс.

Республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде тиісті қаржы жылына жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не түгел пайдаланылмаған шетел валютасын қайта айырбастауды және шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған шотқа уақтылы қайтаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған шарт бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерге төлемді ұлттық валютада жүргізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне оның екінші деңгейдегі банкте ашқан шотына квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан ақша аудару үшін төлем тапсырмасын ұсынады. Бұл ретте төлем тапсырмасындағы «Төлемнің мақсаты» ашық жолағында квазимемлекеттік сектор субъектісі түпкі бенефициар-резидент еместің деректемелерін қосымша көрсетеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан оның екінші деңгейдегі банктегі шотына аударылған ақша, ол есепке жатқызылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тағайындалуы бойынша түпкі бенефициар-резидент емеске аударылуы тиіс.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не түгел пайдаланылмаған ақшаны олар аударылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына көрсетілген мерзім өткенге дейін уақтылы қайтаруды

қамтамасыз етеді.

304-25. Квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасының резиденті емеспен шетел валютасында, құжаттық аккредитивті қолдана отырып, есеп айырысу нысанын көздейтін шарт жасасқан кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі төлем тапсырмасын аумақтың қазынашылық бөлімшесіне екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан ақша аудару үшін және осы Ереженің 304-24-тармағында айқындалған тәртіппен дәл сол күн шетел валютасын сатып алу үшін қағаз тасығышта немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электронды түрде ұсынады.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектор субъектісі растайтын құжат ретінде аккредитивтің ашылуын және акредитивтің қолданылу мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын жабылған жағдайда аккредитивтің орындалмаған сомасын банк-эмитенттің квазимемлекеттік сектор субъектісінің сома аударылған шотына қайтаруы туралы талапты қамтитын шартты ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі сатып алынған шетел валютасын аккредитивтік шотқа аударуды үш жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Егер шетел валютасындағы ақша аккредитивтік шотқа белгіленген мерзімде есепке жатқызылмаған болса, квазимемлекеттік сектор субъектісі оларды қайта айырбастауды және үш күндік мерзім өткеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіндегі шотына қайтаруды қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы 47-1-тараумен толықтырылсын:

«47-1. Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу тәртібі

396-1. Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша бюджет кірістерін орындау есепті кезеңге бекітілген жоспарлы көрсеткіштерден артқан жағдай туындаған кезде, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылына әлеуметтік-экономикалық даму өлшемдерін жақсартуды болжамдаған жағдайда бекітілген бюджеттік бағдарламаларға қосымша бөлінеді.

396-2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша және кейіннен, ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін тоқсан сайынғы негізде есептік статистикалық деректер негізінде өткізілген ағымдағы жылға арналған болжамды макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуді тоқсан сайынғы бағалауды есепке ала отырып, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірістері түсімдерінің болжамын айқындайды.

396-3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша және кейіннен ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін тоқсан сайынғы негізде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірісінің атқарылуын бағалауды;

2) республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттерді, нысаналы даму трансферттері мен кредиттерді іске асыру туралы талдамалы есепті;

3) аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде ашылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы бұрын алынған қаражат бойынша бюджет қаражатының қалдықтары туралы ақпаратты ұсынады.

396-4. Осы Ереженің 396-2 және 396-3-тармақтарында көрсетілген ақпарат негізінде бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларға қосымша бөлуге жататын тоқсан сайын шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың жалпы көлемін тоқсан сайын айқындайды.

396-5. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітілген бюджеттік бағдарламаларға шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды қосымша бөлу туралы шешімді қабылдаған кезде Бюджет кодексінің 41-1-бабында көзделген критерийлерге сәйкестігі тұрғысынан:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен және жергілікті атқарушы органдармен есепті кезеңде бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы талдамалы есептің деректері негізінде бюджет қаражатын игеру. Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына талдау жүргізу кезінде міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған міндеттемелердің толықтығы мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуы ескеріледі;

2) бекітілген бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған міндеттемелердің аяқталу мерзімдері. Бұл ретте міндеттемелері аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелген бұрын басталған және жалғастырылып жатқан объектілердің ағымдағы қаржы жылының аяғына дейінгі жобаларының (іс-шараларының) іске асырылуының аяқталу мерзімдері ескеріледі;

3) әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар (жобалар) үшін шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың әлеуметтік бағыттылығын талдауды жүзеге асырады.

Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесіне енгізілген, бірақ олар бойынша ағымдағы қаржы жылында бюджеттік қаражат жоспарланбай, жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші қаржы жылдарында базалық шығыстарда көзделген бюджеттік бағдарламалар шығыстардың әлеуметтік бағыттылығының

критерийлерін және/немесе ағымдағы қаржы жылында бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған міндеттемелердің аяқталу мерзімдерін сақтай отырып, қаржыландырылатын болады.

Мынадай:

1) есепті кезеңге міндеттемелер қабылданбаған;

2) бұрын алынған қаражат бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде ашылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында есепті күнге бюджет қаражатының қалдықтары бар заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу жүргізілмейді.

396-6. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізілген талдау негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу бойынша қорытындыны қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

396-7. Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесінде көзделгеннен аз көлемде қаражат бөлінген шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың есебінен қаржы бөлінген республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органға шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар бойынша ұсыныстарға нақтыланған есеп айырысуларды ұсынады.

396-8. Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу туралы Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың есебінен ағымдағы қаржы жылына тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлық мақсаттарын ұлғайту бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын дайындайды және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес түсімдердің жиынтық жоспарына және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

396-9. Жекелеген бюджеттік инвестициялық жобалар және/немесе іс-шаралар қарқынды іске асырылған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджеттік инвестициялық жобалар мен өңірлер арасында осы Ереженің 59-1-тармағына сәйкес бекітілген бюджет шеңберінде бюджет

қаражаттарын қайта бөлуге рұқсат етіледі.

396-10. Тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың есебінен қаражатты пайдалану осы Ереженің талаптарына, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қабылданған тиісті нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.»;

410-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың тиісінше резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатқа тиісінше орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары немесе жергілікті атқарушы органның басшысы (уәкілеттік берген адам) қол қояды. Егер қолдаухат жергілікті атқарушы органдардың сұрауы бойынша берілсе, онда негіздемелер мен есептеулерге жергілікті атқарушы органның басшысы немесе өзі уәкілеттік берген адам да қол қояды.»;

519-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«519. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 101-қосымшаға сәйкес ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына аударымдар туралы есепті 2-26 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп» нысаны бойынша ұсынады.»;

757-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«757. Қазақстан Республикасы Үкіметінің одан әрі қарыз алуын көздемейтін бірлесіп қаржыландырумен байланысты гранттарды қоспағанда және грант туралы келісімде өзгеше айтылмаған болса, Үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар есебінен несие шотынан және/немесе арнайы шоттан жасалатын қаржы операцияларын бюджеттік бағдарлама әкімшісі қаражатты алуға арналған өтінімдердің негізінде шетел қарыз берушісінің немесе донордың атына жіберілетін нысан бойынша және қарыз шартына немесе байланысты грант туралы келісімге сәйкес, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар қаражатын бюджеттік бағдарлама әкімшісі тиісті қарыз шартында немесе байланысты грант туралы келісімде көзделмеген мақсаттарға ала алмайды.»;

768-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісуден кейінгі күнтізбелік он бес күн ішінде жарамды болады.»;

32, 38, 50, 50-1, 112-қосымшалардағы «СТН» деген аббревиатура «БСН» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

32-1, 36, 40, 41-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

35, 45, 55-1-қосымшалар алынып тасталсын;

46, 54, 55, 56, 58, 60, 61, 63, 64, 66, 66-1, 67, 67-1, 69, 70, 74, 74-1, 76, 77, 78, 80, 87, 88, 97, 98, 99, 101, 103 және 105-қосымшалар осы қаулыға 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

62, 90 және 117-қосымшалардағы «СТН» деген аббревиатура «ЖСН/БСН» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

80-2-қосымшасындағы «ӘЖК» деген аббревиатура «ЖСН» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

83-қосымшаның 2.1.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.1.2. Банктің қызметін төлеуді шотқа есепке жатқызу үшін қолма-қол ақшаны тапсырған күннен кешіктірмей тапсырылатын соманың ______________ % есебінде жүргізуге міндеттенеді.»;

93-қосымшада:

3-бөлімнің 3.1. және 3.2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1. ______ облыс (республикалық маңызы бар қала, астана)/аудан ( облыстық маңызы бар қала) үшін ______ бюджеттік бағдарламасы бойынша нысаналы трансферттің сомасы _______ мың теңгені құрайды.

3.2. ЖТББӘ-нің ________ облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)/ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті кірісіне нысаналы трансферттің сомасын аударуы:

1) ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша айдың (қаңтар, 25-күнінен кешіктірмей) бірінші 5 жұмыс күнінде;

2) нысаналы даму трансферттері бойынша аударымдар осы Келісімнің 3.3-тармағына сәйкес 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.»;

93-қосымшадағы Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы үлгі келісімге 1-қосымша алынып тасталсын;

95-қосымшадағы «ЖСН» деген аббревиатура «БСН» деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына
1-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету
ережесіне
32-1-қосымша

___________________________________________________________
(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган/бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

**_________ жылғы «___» ______________________**

## Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне код беруге және шотын ашуға арналған өтінім

| КСС атауы | Орналасқан жері | Экономика секторы | КСС басшысының Т.А.Ә. | КСС бас бухгалтерінің Т.А.Ә. | КСС БСН | Мемлекеттік тіркелімге енгізілген КСС-тың мекенжайы, телефоны, факсі | Негіздеме негізінде КСС үшін ақшалай қаражат бөлінетін нормативтік құқықтық акті) және қаражат бөлінетін бюджеттің деңгейі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің
(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы)

______________ ______________________________
М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)
Жауапты орындаушының белгісі
______________________________ ____ жылғы «___» ________ ашылды
(квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды)
______________________________ ____ жылғы «___» ________ ашылды
(квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоты)

Жауапты орындаушы __________ ___________________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
2-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету
ережесіне
36-қосымша

_______________________________________________________________________

(Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

**«___» ________________ __________ жылғы**
**қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын ашуға арналған**
**өтінім**

| Р/с № | Мемлекеттік мекеме | | Бюджет түрі | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Қолма-қол ақшаның бақылау шотын ашу үшін негіздеме (рұқсат етілген күні мен нөмірі, тармақшасының, тармағының, бабының нөмірлері көрсетілген заңнамалық актінің атауы мен күні) |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауы | коды | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| I. Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасының бақылау шоты: | | | | | |
| | | | | | |
| II. Демеушілік, қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шоты: | | | | | |
| | | | | | |
| III. Ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшасының бақылау шоты: | | | | | |

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның/ мемлекеттік мекеменің (бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесінің) басшысы
М.О. ___________________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі

№ 392 қаулысына
3-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету
ережесіне
40-қосымша

# Қолдардың және мөр бедерінің үлгілері

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі (ұйымдық-құқықтық нысаны мен атауы) | |
| Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің орналасқан жері | |
| Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды | |
| | |
| | |
| Қолма-қол ақшаны бақылау шотының (шоттың) жеке сәйкестендіру коды | |
| Қолма-қол ақшаны бақылау шотының немесе шоттың атауы | |
| Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесінің орналасқан жері | |
| Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің қолдардың және мөр бедерінің үлгілерін қабылдағаны туралы белгісі | 20__ ж. «___» ____________________ ______ ____________________________ (қолы) (Т.А.Ә.) |

Осы құжатта көрсетілген үлгілер клиенттің келісімін талап ететін қолма-қол ақшаны бақылау шоты және/немесе шот бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті деп есептелсін
______________________________________________________________________
(операциялардың (шарттарға, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерге, хабарламаларға, төлеуге берілетін және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген басқа да шоттарға қол қоюға арналған) түрлері көрсетілсін)

| Атқаратын лауазымы | Тегі, аты, әкесінің аты | Қолдардың үлгілері | Қолданылу мерзімі (қолды уақытша ауыстыру кезінде) | Мемлекеттік мекеменің квазимемлекеттік сектор субъектісінің мөр бедерінің үлгісі |
|---|---|---|---|---|
| Бірінші қолы: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| Екінші қолы: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының немесе мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғалары қолдарының үлгілерін растайтын оларға уәкілетті тұлғаның тегі және аты-жөні | Мемлекеттік мекеменің қолдарының және елтаңбалы мөр бедерінің үлгілерін куәландыру күні | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдарының және елтаңбалы мөр бедерінің үлгілерін куәландыратын тұлғаның қолы |
|---|---|---|---|
| | | | (қолы) |
| | | | (мөр бедері) |

Артқы беті

Заңды тұлға өкілінің қолының түпнұсқалығын растау туралы куәландыру жазбасы

Мен, нотариус ____________________________ _____ жылғы «___» ___________

(тегі, аты, әкесінің аты)

___________________________________________________________________________

(мемлекеттік нотариалдық кеңсенің атауы немесе жеке нотариустың лицензиясы берілген нөмірі және күні)

_________________ менің қатысуыммен жасалған ___________________________

(өкілдің Т.А.Ә. лауазымы, заңды тұлғаның атауы

__________________________________ қолының түпнұсқалығын куәландырамын.

Өкілдің жеке басы белгіленді, оның өкілеттігі және іс-әрекетке қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № ________________________________ тіркелді _____________________________ мемлекеттік баж алынды.

Нотариус _________________ М.О. ________________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 4-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 41-қосымша

5-34-нысан

Есеп жүргізілді:

Күні-Уақыты

1-ден №-ге дейінгі парақ

## Тиісті бюджеттердің ҚБШ жай-күйі туралы есеп

Өңір: ___________________________
Бюджет түрі: ____________________
Қаржыландыру көзі: _____________
Ерекшелігі ______________________
Кезең ___________________________
Өлшем бірлігі: _______________

| ЖСК Ішкі банктік шот | Сипаттамасы | Кіріс қалдық | Дебет | Кредит | Кезеңдегі сальдо | Шыққан қалдық |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы

Бюджетті атқару жөніндегі жауапты жергілікті уәкілетті органның басшысы

__________ ____________________ __________ ____________________

(қолы) (Т.А.Ә.) (қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. М.О.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның жауапты орындаушысы

__________ ____________________ __________ ____________________

(қолы) (Т.А.Ә.) (қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 5-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 46-қосымша

8-17-нысан

Есеп жүргізілді: Күні-Уақыты

№-ден Х-парақ

**Мемлекеттік мекемелердің шетелдік валютадағы шоттары бойынша үзінді**

Өңір: ________________________________________
Бюджет түрі: ________________________________
Қаржыландыру көзі ___________________________
Мемлекеттік мекеме атауы: ___________________
Ерекшелігі: _________________________________
Валюта коды: ________________________________
Кезең ________________________________________
Өлшем бірлігі: ___________________________

| Күні | б/шот № | Құжаттың № | Валютасы | | Теңге | | Төлем мақсаты | Резидент еместің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дебет | Кредит | Дебет | Кредит | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Кіріс қалдығы: | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Айналымдар: | | | | | | | | |
| Шығыс қалдығы: | | | | | | | | |
| Айналымдардың барлығы: | | | | | | | | |
| Валютадағы қалдықтардың барлығы: | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Теңгедегі қалдықтардың барлығы: | | | | | | | | |

Жауапты орындаушы _______________
М.О. (қолы)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
6-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету
ережесіне
54-қосымша

## Төлем тапсырмаларының тізілімі

_____________________________________________
(салық қызметі органының атауы)
____________________________________________________________

(аумақтық қазынашылық бөлімшесінің атауы)
_______________________________
(тізілім берілген күні)

| Р/с № | Төлем тапсырмасының күні | Төлем тапсырмасының нөмірі | Сомасы | Орындалуы/орындалмауы туралы белгі* | Ескертпе* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Салық қызметі органының басшысы _____________
Салық қызметі органының құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____________
Жауапты орындаушы _____________
М.О.

* осы ашық жолдарды аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы толтырады

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 7-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 55-қосымша

«Бекітемін»
Бюджетке түсетін түсімдерді алуға жауапты уәкілетті органның басшысы
____________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «___» ____________
М.О.

| |
|---|
| Ұсынылған күні 20__ ж. «___» ___________ |

## № __ ҚОРЫТЫНДЫ

20__ ж. «___» _______________ ____________________
(жасалған жері)
_____________________________
(жасалған күні)

______________________________________________________________________

(уәкілетті органның атауы, БСН)
өтініш бойынша

______________________________________________________________________

(төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы, ЖСН/БСН)
теңге сомасындағы артық (қате) төлеген сомаларды бюджетке
қайтару/есептеу туралы
_______________________________________________________________ теңге.

(цифрмен және қолмен таратып жазу)
Көрсетілген сома ______________________________________ шотта жасалды

______________________________________________________________________

(ЖСК, түсімдердің коды мен атауы, салық қызметінің атауы мен БСН-і)
____________________________________________________ аударуға жатады

______________________________________________________________________

(ЖСК, түсімдердің, коды мен атауы, бенефициар, оның ЖСН/БСН және шот
нөмірі)

______________________________________________________________________

(бенефициар банкінің, қазынашылық органының атауы)
СТК ________________________________________________________________
БСК, Кбе ____________________________________________________________

Уәкілетті органның ____________ ____________________________
жауапты орындаушысы (қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
8-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
56-қосымша

«Бекітемін»
Бюджетке түсімдерді алуға
жауапты уәкілетті органның
басшысы

____________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «___» ___________

## Уәкілетті органдар әкімшілендіретін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын есептеуге және қайтаруға қорытындыларды тіркеу журналы

| Р/с № | Уәкілетті мемлекеттік органның атауы | Қорытынды шығарылған күні | Қорытынды нөмірі | Есептеу (қайтару) жүргізілетін төлеушінің ЖСН/БСН мен атауы | Бюджет кірістері сыныптамасының кодынан есептеуге жатады | Бюджет кірістері сыныптамасының кодына есептелсін | Есептеу жүргі ілетін салық органыны БСН мен атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Банктік шотқа қайтаруға жатады | Сомасы | Салық төлеушінің банктік деректемелері | | | Салық органына ұсынылған күні | Қазынашылық органының орындаған күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бенифициар-банктің атауы және банктік сәйкестендіру коды (БСК) | Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК) | Ескертпе | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына
9-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне
58-қосымша

«Бекітемін»
Салық органының басшысы
__________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «___» ___________

## Салық органдары әкімшілендірмейтін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтаруға және/немесе есептеуге қорытындыларды тіркеу журналы

| | Уәкілетті мемлекеттік | | | Есептеу (қайтару) жүргізілетін | Бюджет кірістері сыныптамасының | Бюджет кірістері сыныптамасының | Есептеу жүргізілетін салық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Р/с № | органның атауы | Қорытынды шығарылған күні | Қорытынды нөмірі | төлеушінің ЖСН/БСН мен атауы | кодына есептелсін | кодына есептелсін | органының БСН мен атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Банктік шотқа қайтаруға жатады | Сомасы | Салық төлеушінің банктік деректемелері | | | Уәкілетті органның қорытындыны салық органына тапсырған күні, лауазымдық тұлғаның Т.А.Ә., қолы | Қазынашылық органының орындаған күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бенефициар-банктің атауы және банктік сәйкестендіру коды (БСК) | жеке сәйкестендіру коды (ЖСК) | ескертпе | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
10-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
60-қосымша

## Шетел валютасында ақша алушыны енгізуге өтінім

А. Өнім беруші (бюджет қаражатын алушы) туралы жалпы ақпарат

| | |
|---|---|
| 1. Өнім берушінің (бюджет қаражатын алушы) атауы | |
| 2. Өнім берушінің (бюджет қаражатын алушы) ССН* | |
| 3. Экономика секторы (КБЕ) | |
| 4. Ел | |
| 5. Облыс/респ. маңызы бар қала | |
| 6. Аудан/қала | |
| 7. Мекенжайы | |
| 8. Қосымша ақпарат | |

В. Өнім берушінің (бюджет қаражатын алушы) банктік шоты туралы ақпарат

| | |
|---|---|
| 1. Бас банктің атауы | |
| 2. Банктің БСК | |
| 3. Банк бөлімшесінің атауы | |
| 4. Банк бөлімшесінің БСК | |

| | |
|---|---|
| 5. Өнім берушінің (бюджет қаражаттарын алушы) ЖСК | |
| 6. Валюта түрі | |
| 7. Қосымша ақпарат | |
| 8. Ел | |
| 9. Мекенжайы/Қала | |

С. Делдал банк туралы ақпарат

| | |
|---|---|
| 1. Банктің атауы | |
| 2. Банктің БСК | |
| 3. ЖСК | |
| 4. Валюта түрі | |
| 5. Қосымша ақпарат | |
| 6. Ел | |
| 7. Мекенжайы/қала | |

ММ басшысы _________ ________________
М.О. (қолы) (Т.А.Ә.)
ММ бас бухгалтері _________ ________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Өнім берушінің (бюджет қаражатын алушының) Күні 20__ ж. «___» _______
ҚБАЖ-да бірегей нөмірі берілді: __________ Жауапты орындаушы: _______
* тек Ресей Федерациясына ресей рублін аударуға

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына
11-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне
61-қосымша

## Шетел валютасындағы ақшаны аударуға өтініш Күні 20__ жылғы «___» _______________

| | |
|---|---|
| Ақшаны жіберуші | |
| БСН | |
| Алушы банк | |
| БСК | |
| Валюта Сомасы | |
| Бенефициар | |
| Елі | |
| ССН* | |

| | |
|---|---|
| Бенефициар банкі | |
| Елі БСК | |
| Алушы Банк комиссиясы Ақша жіберуші есебінен Бенефициар есебінен | |
| Келісімшарт нөмірі, күні | |
| | |
| Шотты дебеттеу ЖСК | |
| I II КОд | |
| I-(1) Резидент;(2) Резидент емес; II-экономика секторы (0-9) | |
| Валютаға айналдыру күні | |
| Сомасы жазбаша | |
| ЖСК шотын кредиттеу | |
| III IV КБе | |
| III-(1) Резидент; (2) Резидент емес; IV-экономика секторы (0-9) | |
| Делдал банк | |
| БСК | |
| Алушы банк комиссиясы Ақша жіберуші есебінен Бенефициар есебінен | |
| Төлемнің мақсаты | |
| СТК | |
| Ерекше шарттар | |

Ақша жіберушінің қолы _________ Алушы банк өткізді
Басшысының Т.А.Ә. _____________ ___________________________________
_______________________________ «___» ______________________ ж.
М.О. қолы _____________________ жауапты орындаушылардың қолдары
Бас бухгалтердің Т.А.Ә ________ ________________________________
(қолы) М.О.

* тек Ресей Федерациясына ресей рублін аударуға

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 12-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 63-қосымша

______________________________________________________________________
(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

## Ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге арналған өтінім

Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды ______________________________________________________________________
Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды ______________________________________________________________________

| Р/с № | Ақша алушының нөмірі (жолақ қағаз тасығышында ұсынылған жағдайда толтырылмайды) | ҚБАЖ-ға енгізілген ақпарат (атауы, ЖСН/БСН, БСК, ЖСК, Кбе) | Өзгеруді қажет ететін ақпарат атауы, ЖСН/БСН, БСК, ЖСК, Кбе) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

ММ/КСС басшысы ____________ _____________
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
ММ/КСС бас бухгалтері ____________ _____________
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
13-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
64-қосымша

## Шетел валютасындағы ақшаны алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінім

| Р/с № | Өнім берушінің (бюджет қаражатын алушының) бірегей нөмірі | ҚБАЖ-ға енгізілген ақпарат (атауы, ССН*, БСК, ЖСК, Кбе және т.б.) | Өзгертуді қажет ететін ақпарат (атауы, ССН*, БСК, ЖСК, Кбе және т.б.) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

ММ басшысы __________ ___________________________
М.О. (қолы) (Т.А.Ә.)
ММ.бас бухгалтері __________ ___________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
* тек Ресей Федерациясына ресей рублін аударуға

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
14-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
66-қосымша

Мемлекеттік мекеменің коды _____________ Өтінім № __________________
Бюджет түрі _________________________________
Қаржыландыру көзі ______________________

## МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕСІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

**Күні 20__ ж. «___» ______________**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік мекеменің атауы | | Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК | Валюта айырбасының нарықтық бағамы* | Сомасы |
| | | | | |
| | | | | |
| Шығыс сипаттамасы: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды ( тауар түрінің коды) | | | | Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды (тауар түрінің коды) |
| | | (сомасын таратып жазу) | | |
| Басшылардың қолдары | | Негіздеме-құжат | аванстық (алдын ала) төлем мөлшері (%) | Сомасы |
| ММ басшысы ______________ (лауазымы) ________ _________________ (қолы) (атының бас әрпі | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| және тегі)<br>М.О. | | | |
| ММ бас бухгалтері<br>________________________<br>________ __________________<br>(қолы) (атының бас әрпі және тегі) | | | |
| | | | |
| | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
15-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
66-1-қосымша

Мемлекеттік мекеменің коды _____________ Өтінім № __________________
Бюджет түрі ________________________________
Қаржыландыру көзі ______________________

## МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕСІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

## Күні 20__ ж. «___» _____________

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік мекеменің атауы | | Ақша алушының атауы, ЖСН ( БСН), ЖСК, ақша алушы банкінің атауы мен БСК | Валюта айырбастаудың нарықтық бағамы* | Сомасы |
| | | | | |
| | | | | |
| Шығыс сипаттамасы: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| Шығыстардың бюджеттік сыныптамасынң коды (тауар түрінің коды) | | | | Шығыстардың бюджеттік сыныптамасынң коды (тауар түрінің коды) |
| | | (Сомасы жазумен) | | |
| Басшылардың қолы | | негіздеме-құжат | Аванстық (алдын ала) төлем мөлшері ( %) | сомасы |
| Басшының Т.А.Ә. | | | | |
| Бас бухгалтердің Т.А.Ә. | | | | |
| | | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 16-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 67-қосымша

Мемлекеттік мекеме коды |______________________| Өтінім № |_______|
Бюджет түрі |______________________|
Қаржыландыру көзі |______________________|

## МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕСІН ТІРКЕУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМ
## Күні 20__ ж. «___» ______________

| Мемлекеттік мекеменің атауы | | Ақша алушының атауы, ЖСН ( БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК | Жалпы сомасы | Ағымдағы қаржы жылының сомасы | Базалық шығыстар сомасы | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоспарлы кезеңнің екінші жылы | жоспарлы кезеңнің үшінші жылы |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| Шығыс сипаттамасы: | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды (тауар түрінің коды) | | (Сомасын таратып жазу) | | | | |
| Басшылардың қолы | | | аванстық (алдын ала) төлем мөлшері (%) | | сомасы | |
| ММ басшысы ________ (лауазымы) _____ ____________ (қолы) (атының бас | | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| әрпі және тегі) М.О. | негіздеме-құжат | | |
| ММ бас бухгалтері ______ __________ (қолы) (атының бас әрпі және тегі) | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 17-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 67-1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік мекеме коды |______________| Өтінім № |_________|
Бюджет түрі |______________|
Қаржыландыру көзі |______________|

# МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕСІН ТІРКЕУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

**Күні 20__ ж. «___» ____________**

| Мемлекеттік мекеменің атауы | Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК | Жалпы сомасы | Ағымдағы қаржы жылының сомасы | Базалық шығыстар сомасы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспарлы кезеңнің екінші жылы | жоспарлы кезеңнің үшінші жылы |
| | | | | | |
| | | | | | |
| Шығыс сипаттамасы: | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды ( тауар түрінің коды) | (Сомасын таратып жазу) | | | | |
| Басшылардың қолы | Негіздеме-құжат | аванстық (алдын ала) төлем мөлшері (%) | | сомасы | |
| Басшының Т.А.Ә. | | | | | |
| Бас бухгалтердің Т.А.Ә. | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
18-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
69-қосымша
№ 4-02 нысаны
Есеп жүргізілді:
1-ден № дейінгі парақ

## Шарттардың тіркелгені туралы хабарлама

| | |
|---|---|
| Өтінім № | Міндеттеменің тіркелген күні Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері (міндеттемелері) тіркелгені туралы хабарлама № |

Ақша алушы ___________________________________________
ЖСН/БСН ____________________________________________
_
БСК ________________________________________________
ЖСК ________________________________________________
Ақша алушының коды ___________________________________
Бөлімше _____________________________________________
Шарт № ______ ___________ қосымша келісім № _________ ______________

| | |
|---|---|
| Сипаттамасы | Сомасы |

Мемлекеттік мекеменің коды, атауы ______________________
Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды _______________
_
Мемлекеттік мекеменің басшысы Ақша алушының басшысы
____________________________ ____________________________

(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)
М.О. М.О.
Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері ________________________________ Ақша алушының бас бухгалтері ________________________________________
(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)

| АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ |
|---|
| Хабарламаның жалпы сомасы XX,XXX,XXX.XX<br>Алдын ала төлем сомасы 0.00<br>Теңгерім XX,XXX,XXX.XX<br>(Хабарламаның жалпы сомасының % аспайтын) |

Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы ________________________________________
(Т.А.Ә., қолы)
М.О.
Жауапты орындаушы ________________________________________
(Т.А.Ә., қолы)
М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 19-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 70-қосымша
№ 4-02 нысаны
Есеп жүргізілді: №-ден 1-бет

## Шарттың тіркелгені туралы хабарлама

| Өтінім № | Міндеттеменің тіркелген күні Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері (міндеттемелері) тіркелгені туралы хабарлама № |
|---|---|

Ақша алушы ________________________________________________________________
ЖСН/БСН __________________________________________________________________
_

БСК ____________________________________________________________
ЖСК ____________________________________________________________
Ақша алушының коды ______________________________________________
Бөлімше ________________________________________________________
Шарт № ____ ______ қосымша келісім № ____ ______

| Сипаттамасы | Сомасы |
|---|---|

Мемлекеттік мекеменің коды, атауы ________________________________
Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды ________________________
_
Мемлекеттік мекеменің басшысы ___________________________________
(Т.А.Ә., қолы)
М.О.
Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері _____________________________
(Т.А.Ә., қолы)

| АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ | |
|---|---|
| Хабарламаның жалпы сомасы | XX,XXX,XXX.XX |
| Алдын ала төлем сомасы | 0.00 |
| Теңгерім<br>(Хабарламаның жалпы сомасының % аспайтын) | XX,XXX,XXX.XX |

Төлем туралы ақпарат

| № | Төлем шоттарының № | Төлем күні | Төлем № | Төлем сомасы | Төлемді жүргізу | Орындалмаған міндеттемелердің қалдығы |
|---|---|---|---|---|---|---|

Жауапты орындаушы ________________________________
(Т.А.Ә., қолы)

М.О.
Хабарламаның жабылғаны туралы белгі
____________________________
хабарламаның жабылған күні

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
20-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
74-қосымша

20__ ж. «___» __________
Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне түсті.
Жауапты орындаушы:
М.О.

**Төлеуге берілетін шот № _______**
**Күні 20__ ж. «___» ____________**

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік мекеме | | | | Ақша алушы | | | |
| ММ коды | | Коды | | | | КБе | |
| Атауы | | | | Атауы | | | |
| БСН | | | | ЖСН/БСН | | | |
| Аумақтық қазынашылық бөлімшесі | | | | Банк | | | |
| БСК | | | | | | | |
| ЖСК | | | | | | | |
| Қаржыландыру көзі | | | | БСК | | | |
| Бюджет түрі | | | | ЖСК | | | |
| Шығыстар БСК | | | | | | | |
| Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды | | | | БСК түсімдері | | ТТК | |
| Төлем мәртебесі | | | | | | | |
| Төлемді тағайындау | | | | | Сомасы | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| Сомасын таратып жазу: | | | | | | | |

```
___________________________________          ____________________________
|        | Басшының Т.А.Ә.        | |                                    |
|        | Қолы                   | | 20__ ж. «___» __________           |
|  М.О.  |_______________________| | қазынашылықтың аумақтық           |
|          | Бас бухгалтердің Т.А.Ә.| | бөлімшесі жүргізді                |
|        | Қолы                   | | жауапты орындаушы                  |
|________________________________| | М.О.                              |
                  |___________________________|
```

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
21-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
74-1-қосымша
Нысан

**№ төлем шоты**
**Күні 20__ ж. «___» _____________**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттік мекеме | | Ақша алушы | |
| ММ коды | Коды | | \|КБе\| |
| Атауы | | Атауы | |
| БИН | | ИИН/БИН | |
| АҚБ | | Банк | |
| БСК | | | |
| ЖСК | | | |
| Қаржыландыру көзі | | БСК | |
| Бюджет түрі | | ЖСК | |
| Шығыстар БСК | | | |
| Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды | | Алушының БСК | \|ТМК\| |
| Төлемнің мәртебесі | | | |
| Төлемді тағайындау | | Сомасы | |
| | | | |
| | | | |
| Сомасын таратып жазу: | | | |

Басшының Т.А.Ә. ______________________________
Бас бухгалтердің Т.А.Ә. ______________________
______________________________________________
Үлгі (1-жай, 2-жиынтық зейнетақы, 3-жалақы мен дивидендтерді аудару, 4-әлеум. аударымдар);
№ хабарландырумен (ЖА) келісу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына
22-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне
76-қосымша
5-15-нысан
Есеп жүргізілді ____
Х-тен ___ бет

## Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің жүргізілген төлемдері бойынша күн сайынғы үзінді

Өңір: ______________________________________________
Бюджет түрі: ______________________________________
Қаржыландыру көзі: __________________________________
Мемлекеттік мекеменің/КСС коды: __________________________
Мемлекеттік мекеменің/КСС атауы: _________________________
Ерекшелігі: ________________________________________
Кезең: ____________________________________________
Өлшем бірлігі: ______________________________________

| Р/с № | Төлем № | Төлем күні | Сомасы | Хабарлама № | Төлем шотының нөмірі/төлем тапсырмасының № | Мекеме/ Бағдарлама/ Кіші бағдарлама/ Ерекшелік | Алушының деректері | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ЖСН/ БСН | атауы | Банк БСК | Шотының ЖСК |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | | | | | | | | | |

Жауапты орындаушы ______________________
(қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
23-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
77-қосымша

## Жеке тұлғаның жинақ шотының шарты

20__ ж. «___» ____________ ___________________________
қала/ауыл

___________________________________________________________________
__________________, Бұдан әрі «Банк» деп аталатын, Жарғы және 20__ ж. «___» ____________ № _______________ сенімхат негізінде әрекет ететін

___________________________________________________________________
(Банк филиалының немесе банктік операциялардың жекелеген

___________________________________________________________________
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың атауы) ______ атынан бір тараптан, және бұдан әрі «Алушы» деп аталатын, мына мекенжай бойынша: ____________________________________________ тұратын ____________________________________________________ азамат(ша) екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар мына төмендегілер туралы осы жеке тұлғаның жинақ ақшасының шотының шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1.1. Банк Шартта көзделген талаптарда Алушының атына жинақ шотын ашады және оған қызмет көрсетуді жүргізеді.

1.2. Сыйақыны есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің қолданыстағы тарифіне сәйкес «талап етуге дейін» жылдық пайыздық мөлшерлемесі бойынша ай сайын жүргізіледі.

## 2. Банктің құқықтары мен міндеттері

2.1. Банк:

2.1.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктеріндегі клиенттің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықта және Банктің қағидаларында белгіленген өтініштер мен және құжаттар пакеті негізінде Алушыға № _______________ жинақ шотын ашуға.

2.1.2. Банкке ақша түскен күннен кейінгі банктік күннен кешіктірмей Алушының пайдасына түсетін ақшаны жинақ шотына толық көлемде есептеуге.

2.1.3. Алушының шотындағы ақшаны сақтауды, оның болуын және есепке алынуын қамтамасыз етуге.

2.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана Алушының келісімінсіз үшінші тұлғаға шоттар бойынша анықтама беруге.

2.1.5. Алушының өзі қолма-қол және қолма-қол емес нысанда енгізетін ақшаны жинақ ақша шотына есептеуге (аударуға).

2.1.6. Алушының шотындағы барлық операцияларды оның жеке басын, ақша

салым кітапшасын және қолының сәйкестігін куәландыратын құжаты, сондай-ақ өтініш болған кезде жүзеге асыруға. Жоғарыда көрсетілген құжаттары болмаса және қолы сәйкес келмесе, оның шотында операциялар жүргізілмейді.

2.1.7. Алушыға жеке сәйкестендіру кодын беруге.

2.1.8. Алушының жинақ ақша шотындағы ақша қалдығына әр айдың «___» күні жылдық ___ % есеп айырысудан (талап етуге дейін салымдар бойынша жинақ шотына ақша есептеген кезден әрекет ететін Банк тарифінен төмен емес) сыйақы аударуға.

2.1.9. Сыйақы алмай, Алушының салымдары бойынша жинақ ақша шотына жалақы, стипендия және басқа да ақша төлемдерін қабылдауды, есептеуді және төлеуді жүзеге асыруға міндетті.

2.2. Банк:

2.2.1. Алушының нұсқауын орындаудан, егер мұндай нұсқау және ол бойынша ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келсе бас тартуға.

2.2.2. Алушының салымдары бойынша жинақ шотынан қолма-қол ақша беру үшін негіз болып табылатын барлық қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.

## 3. Алушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Алушы:

3.1.1. Салымды, өзінің жинақ шотының жай-күйі туралы ақпарат алған кезде оның жеке басын куәландыратын құжатты, ақша салымы кітапшасын ұсынуға және арнайы бланкіде өзінің қолын сәйкестендіруге.

3.1.2. Оның жеке басын куәландыратын құжаттары жоғалған жағдайда ол туралы Банкке хабарлауға және уәкілетті орган берген Алушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға.

3.1.3. Алушының тегі, аты және әкесінің аты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттары өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

3.2. Алушы:

3.2.1. Жинақ шотындағы ақша сомасының ағымдағы қалдығы шегіндегі қолма-қол ақша сомасын алуға.

3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес шоттағы ақшаны өсиетке қалдыруға, сондай-ақ басқа адамға шоттағы ақшаны иелену құқығын беруге.

3.2.3. Қолма-қол және қолма-қол емес нысанда (аударумен) шоттағы ақша сомасын толтыруға құқылы.

## 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Банкпен оның қызметкерлеріне қызмет көрсету жөнінде Шарт жасасқан жұмыс беруші аударған ақшаны уақытылы есептемегені үшін Алушының жинақ шотына Банк Алушының пайдасына уақтылы есептемеген соманың _____ %-ы есебімен мерзімі өткен әрбір күн үшін айыппұл төлейді.

4.2. Банк Алушының жинақ шотынан ақшаны заңсыз есептен шығарған жағдайда, Банк есептен дұрыс шығарылмаған соманы өтейді, сондай-ақ Алушының пайдасына заңсыз есептен шығарылған соманың _____ %-ы есебімен мерзімі өткен әрбір күн үшін айыппұл төлейді.

4.3. Ақша аудару туралы не оларды жинақ шотынан беру туралы Алушының нұсқауын тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Банк келтірген зиянды өтейді, сондай-ақ аударылмаған не берілмеген соманың ______ %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

## 5. Шарттық қолданылу мерзімі

5.1. Шарт оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жинақ шоты жабылғанға дейін қолданылады.

5.2. Шартты бұзғаннан кейін бес күндік мерзімде Банк белгіленген тәртіппен Алушының жинақ шотын жабады. Алушының жинақ шотындағы ақша қалдығы Алушыға қолма-қол ақшамен беріледі немесе оны Банк Алушы алдын ала көрсеткен жинақ шотына немесе ағымдағы шотқа аударады.

## 6. Дауларды қарау тәртібі

6.1. Шарт бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар олар бойынша уағдаластыққа келмеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

**Алушының қол қою үлгісі:**

Алушының қолы ________________________

**Тараптардың занды мекенжайлары мен деректемелері:**

| | |
|---|---|
| «Банк» | «Алушы» |
| ____________________ | ______________________________ |
| | (Атауы) |
| ____________________ | ______________________________ |
| | (Мекенжайы) |

____________________ Паспорты/жеке куәл. ________
БСН _______________ ЖСН _________________________
БСК _______________ Аудан _______________________
Коды _____________ Қызмет/үй тел. ____________
Тараптардың қолдары:
«Банк» «Алушы»
____________________ ______________________________
М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
24-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
78-қосымша

## Мемлекеттік мекеменің қызметкеріне банк карточкасын беру және оған қызмет көрсету туралы шарт

20__ ж. «___» _____________ ______________
(қала/ауыл)

_____________________________________________________________________,
Бұдан әрі «Банк» деп аталатын, ____________________________________
(Банк филиалының немесе банктік
_____________________________________________________________________
операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымының атауы) Басшы атынан Жарғының және 20__ жылғы «___» ___________ № ___________ сенімхаттың негізінде әрекет ететін бір тараптан және бұдан әрі Алушы деп аталатын, _____________________________ мекенжайы бойынша тұратын азамат(ша) ________________________________ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы банк карточкасын беруге және оған қызмет көрсетуге арналған осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

## 1. Шарттың мәні

1.1. Банк Алушының дебеттік төлем карточкасын (бұдан әрі - Карточка) алуға өтінішінің негізінде Алушы үшін Банктің банкоматтары, POS-терминалдары,

І-принтерлері орналасқан барлық жерлерде қолма-қол ақшаны алу, мұндай операцияларды жасауға уәкілеттік берілген сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарында тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу үшін пайдаланылатын Карточканы жасауға міндеттенеді.

1.2. Шарттың мәні Карточка иесінің, сондай-ақ ағымдағы шотты Алушының тапсырмасы бойынша оның ағымдағы шотынан қызмет көрсетілетін Карточка берілген тұлғаның (бұдан әрі - қосымша Карточканың иесі) Карточканы төлем құралы ретінде пайдалануға қатысты Банк пен Алушының арасында қалыптасатын қарым-қатынастар болып табылады.

## 2. Банктің құқықтары мен міндеттері

2.1. Банк:

2.1.1. Алушыдан өтінішті алған күннен бастап ___ банк күнінің ішінде Карточканы жасауға және беруге.

2.1.2. Алушыға дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беруге.

2.1.3. Банкке ақша түскен күннен кейінгі ______ банк күнінен кешіктірмей Алушының пайдасына түскен ақшаны ағымдағы шотқа толық көлемде есепке жатқызуға.

2.1.4. Шартты жасасу кезінде Алушының назарына жеткізілген Банктің қағидаларына сәйкес Карточкаға қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.

2.1.5. Алушының ағымдағы шоты бойынша ақшасының сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етуге.

2.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана Алушының келісімінсіз үшінші тұлғаларға шоттар бойынша анықтамалар беруге.

2.1.7. Жазбаша сұрауды алған күннен бастап ____ банк күнінің ішінде Алушыға қосымша үзінді көшірмені беруге.

2.1.8. Есептеу сәтінде қолданылатын Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген мерзімде және ставка бойынша ағымдағы шот бойынша ақша қалдығына сыйақы есептеуге.

2.1.9. Қазақстан Республикасының ресми баспа басылымдарында тарифтердің өзгеруі күшіне енгенге дейін кемінде банк ____ күнінен бұрын ол туралы хабарландыру жариялауға.

2.1.10. Банк филиалдарында, сондай-ақ Алушының жұмыс орны бойынша мемлекеттік мекемеде хабарландыру жасау жолымен Ережедегі барлық өзгерістер туралы Алушыны хабардар етуге.

2.1.11. Сыйақыны алмай, Алушының ағымдағы шотына(н) жалақыны, стипендияны және басқа да ақшалай төлемдерді қабылдауды, есепке жатқызуды және төлеуді жүзеге асыруға міндетті.

2.2 Банк:

2.2.1. Алушы өтінішті берген күннен бастап ___ айдан астам мерзімде Карточканы алу үшін Банкке келмеген жағдайда Карточканың күшін жоюға.

2.2.2. Шарттың 2.1.9-тармағында көзделген тәртіппен Алушыны хабардар ете отырып, Ережені және тарифтерді бір жақты тәртіппен өзгертуге.

2.2.3. Жұмыс берушіні қоспағанда, Карточканың көмегімен есеп айырысулар жүзеге асырғаны үшін сол кезеңге Банктің белгілеген тарифтері бойынша үшінші тұлғалардың есепке жатқызған ақшасы үшін Алушының келісімінсіз сыйақыны ұстап қалуға құқылы.

## 3. Алушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Алушы:

3.1.1. Шартты жасасу және төлем карточкаларын (бұдан әрі - карточкалар) шығаруға өтінішке қол қою сәтінде Банкпен уағдаластық бойынша төлем карточкаларын жасаудың құнын төлеуге.

3.1.2. Шарттың талаптарын және Банктің қағидаларын сақтауға.

3.1.3. Карточканың сақталуын қамтамасыз етуге.

3.1.4. Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда Ережеде көзделген тәртіппен карточканы оқшаулау туралы ауызша немесе жазбаша талаппен Банкке дереу өтініш жасауға.

3.1.5. Өтініште көрсетілген деректердің өзгеруі туралы _______ банк күні ішінде Банкті жазбаша хабардар етуге.

3.1.6. Банктен тиісті жазбаша хабарламаны алған кезде Карточканы пайдалануды тоқтатуға және осы хабарламаны алған күннен бастап _______ банк күні ішінде карточканы Банкке қайтаруға.

3.1.7. Банктен Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап _____ банк күні ішінде Шарт шеңберінде Алушы үшін шығарылған барлық Карточкаларды Банкке қайтаруға міндетті.

3.2. Алушы:

3.2.1. Ағымдағы шот бойынша үзінді алуға.

3.2.2. Банктің қағидаларында көзделген тәртіппен Банкке Карточканы оқшаулауды немесе ашуды ауызша немесе жазбаша талап етуге.

3.2.3. Банк заңнамасына сәйкес ағымдағы шот бойынша лимит белгілей отырып, олар бойынша сенім білдірілген тұлғаларға қосымша Карточкалар ресімдеуге.

3.2.4. Шоттағы ақша сомасын қолма-қол ақша түрінде де, қолма-қол емес ақша (аударумен) нысанда да толықтыруға құқылы.

## 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Банкпен оның қызметкерлеріне қызмет көрсету жөнінде Шарт жасасқан жұмыс беруші аударған ақшаны уақтылы есептемегені үшін Алушының ағымдағы

4.2. Банк Алушының ағымдағы шотынан ақшаны заңсыз есептен шығарған жағдайда, Банк дұрыс есептен шығарылмаған соманы қалпына келтіреді, сондай-ақ мерзімі өткен әрбір күн үшін уақтылы есептелмеген соманың __%-ы есебімен, Алушының пайдасына айыппұл төлейді.

4.3. Алушының ақшаны ағымдағы шоттан ақшаны аудару туралы нұсқауларын тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Банк келтірілген залалды өтейді, сондай-ақ аударылмаған не берілмеген соманы мынадай ___ %-ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

## 5. Шарттың қолданылу мерзімі

5.1. Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ағымдағы шот жабылғанға дейін қолданылады.

5.2. Шартты бұзғаннан кейін бес күн мерзімде Банк белгіленген тәртіппен Алушының ағымдағы шотын жабады. Алушының ағымдағы шотындағы ақша қалдығы Алушыға қолма-қол ақшамен беріледі немесе Банк оны Алушы алдын ала көрсеткен ағымдағы шотқа немесе жинақтаушы шотқа аударады.

## 6. Дауларды қарау тәртібі

6.1. Шарт бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа кол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

**Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:**

| «Банк» | «Алушы» |
|---|---|
| ____________________ | ______________________________ |
| | (Атауы) |
| ____________________ | ______________________________ |
| | (Мекенжайы) |
| ____________________ | Паспорты/жеке куәл. ________ |

БСН _______________ ЖСН _________________________
БСК _______________ Аудан _______________________
Коды _____________ Қызмет/үй тел. ____________

Тараптардың қолдары:
«Банк» «Алушы»
___________________ _____________________________
М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
25-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
80-қосымша

5-15-А нысаны

Есеп жүргізілді _______
___ тен _____ бет

**Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме (мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдер, стипендиялар, төлемдерді жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе ақша алушылардың және әлеуметтік аударымдардың жинақ шоттарына аудару бойынша)**

Өңір: ___________________________________________
Бюджет түрі: ____________________________________
Қаржыландыру көзі: ______________________________
Мемлекеттік мекеме: _____________________________
Төлем түрі: _____________________________________
Кезең: __________________________________________
Өлшем бірлігі: ________________________________

| № | Тегі | Аты | Әкесінің аты | БСК | Ағымдағы шот № | Сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Сомасы | |
| | |
| БАРЛЫҒЫ | |

Жауапты орындаушы ______________________________
(қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
26-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
87-қосымша

## Ағымдағы шот ашуға арналған рұқсат

______ жылғы «___» _____________

________________________________________ бюджетінен қаржыландырылатын
(бюджет түрі)

______________________________________________________________________
(мемлекеттік мекеменің атауы және коды)

______________________________________________________________________

___ қолдаухаты негізінде (бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы):

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, есеп айырысу жүргізу үшін ұлттық валютада ағымдағы шот ашуға рұқсат етіледі
20__ ж. «___» ____________________________

Рұқсат бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қайтарып алғанға дейін қолданыста болады.

Бюджетті атқару жөніндегі
уәкілетті органның басшысы _____________________ _______________
(Т.А.Ә.) (қолы)

М.О.

Банк белгісі

_____ ж. «___» ___________ шот № ____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
27-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
88-қосымша

# АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУҒА, КОРПОРАТИВТІК ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫН БЕРУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Бұдан әрі «Банк» деп аталатын, ____________________ акционерлік қоғамының атынан, 20__ ж. «___» ___________________________ негізінде әрекет ететін, ________________________________ бір тараптан және бұдан
(басшысының Т.А.Ә, лауазымы)
әрі «Мемлекеттік мекеме» деп аталатын, ______________________ атынан,
(мемлекеттік мекеменің толық атауы)
20_ж. «___» ___________________ бекітілген ________________ негізінде әрекет ететін ____________________________ екінші тараптан, бұдан әрі
(басшысының Т.А.Ә. лауазымы)
бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар ағымдағы шотты ашуға корпоративтік төлем карточкасын беру және оған қызмет көрсету туралы төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

## 1. Терминдер сөздігі

1.1. Осы Шартта пайдаланылған терминдер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы № 331 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесінде (бұдан әрі - Ереже) пайдаланылған терминдерге сәйкес келеді.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарттың тәртібінде және талаптарында Банк Мемлекеттік мекемеге ағымдағы шот ашуға, Мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкіл(дер)іне корпоративтік төлем карточка(лар)сын шығаруға және Қазақстан Республикасы заңнамасына және де Банктің ішкі қағидаларына сәйкес қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.2. Мемлекеттік мекеме Карточканы (ларды) Ережеге сәйкес қабылдауға және қолдануға міндеттенеді.

2.3. Карточканы (ларды) Ұстаушы (лар) Мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкілі (дері) болып табылады. Шарттың және Ереженің талаптары карточка (лар) ұстаушыға (ларға) да қолданылады.

2.4. Ағымдағы шот теңгеде жүргізіледі.

2.5. Ағымдағы шотқа ақшаны аудару тәртібі, Мем.мекеме мен Банктің өзара қатынасы, қаржылық қызметтерді төлеудің мөлшері мен мерзімі, олардың реті Шартпен және Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

## 3. Ағымдағы шот ашу, корпоративтік төлем карточкасын беру және оған қызмет көрсету талаптары

3.1. Банк:

3.1.1. Мекеменің атына ағымдағы шот ашуға.

3.1.2. Өтінішті алған күннен бастап ______ банктік күн ішінде Карточканы шығаруға, Мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкіл(дер)іне, Карточка (лар) мен ПИН-конвертті беруге. Карточка ұстаушыға не Банкте Карточканы алуға уәкілетті жауапты қызметкерге, сондай-ақ Карточкаға Банк заңнамасының және осы Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге.

3.1.3. Хат-хабар шотына ақша түскен күні оларды Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотына аударуға.

3.1.4. Карточка ұстаушыға не Банкте, Банктің қызмет көрсететін филиалында үзінді көшірмелерді алуға уәкілетті жауапты қызметкерге ай сайын оны беріп отыруға не почта арқылы жіберуге.

3.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан ағымдағы шот және олар бойынша жасалатын операциялар бойынша банктік құпияның сақталуына кепілдік беруге.

3.1.6. Қағидалардағы барлық өзгерістер туралы Мемлекеттік мекемені Банк филиалдарына хабарландыру орналастыру жолымен хабардар етіп отыруға.

3.1.7. Банктің бастамасымен Карточканы жабу жағдайында Мемлекеттік мекемелерді жабылған күннен бастап ____ банктік күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.2. Мемлекеттік мекеме:

3.2.1. Ағымдағы шот ашу және карточка(лар) шығару үшін Банкке бір мезгілде Карточканы оның атына шығару қажет уәкілетті өкіл(дер)дің Т.А.Ә. көрсете отырып, міндетті түрде жеке куәлігінің(тер) және СТН-нің көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінде және Банктің ішкі Қағидаларында белгіленген құжаттарды беруге.

3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, осы Шарттың және Ереженің талаптарын сақтауға, оларды Карточка(лар) ұстаушының (лардың) сақтауын қамтамасыз етуге.

3.2.3. Карточканың(лар) сақталуын қамтамасыз етуге.

3.2.4. Карточка(лар) жоғалған немесе ұрланған жағдайда шұғыл түрде Банкке Ережеде көзделген тәртіппен Карточканы жабу туралы ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге.

3.2.5. Банкті деректемелерінің (Мемлекеттік мекеменің атауы, орналасқан жері, Карточканы (ларды) ұстаушының (лардың) Т.А.Ә. өзгергені және басқалары) туралы _____ банктік күн ішінде жазбаша хабардар етуге.

3.2.6. Банктен тиісті жазбаша хабарлама алған кезде Карточканы(лар) пайдалануды тоқтатуға және хабарламаны алған күннен бастап _____ банктік күн ішінде осы Шарт шеңберінде шығарылған барлық Карточкаларды Банкке қайтарып беруге.

3.2.7. Қалаған кезде Банк филиалында Карточка бойынша ___________ теңге сомасынан асатын қолма-қол ақша алуға бір банктік күн бұрын осы Банк филиалының басшысына жазбаша өтініш ұсынып, осы сомадағы ақшаны ала алуға.

3.2.8. Карточка ұстаушының жұмыстан босату туралы өтініш берген күнінен бастап немесе Карточка ұстаушының қайтыс болған күнінен бастап бұл туралы ______ банктік күн ішінде Банкті жазбаша түрде хабардар етуге, Карточканы Банкке қайтаруға.

3.2.9. Ағымдағы шотқа қате есептелген ақшаны Банкке шұғыл түрде және толық көлемде қайтаруға.

3.2.10. Карточканы жоғалтқан жағдайда/___________ түрдегі әрбір карточка үшін ___________ теңге есебінен ақшаны Банктің _______________ шотына аудару жолымен шығаруға/ауыстыруға қызмет ақысын төлеуге.

3.2.11. Ақша ағымдағы шотқа аударылған күні Банкке ағымдағы шотқа қызмет көрсеткені үшін ағымдағы шотқа есептелген соманың ____ %-ы мөлшерінде бірыңғай комиссияны төлеуге.

3.2.12. Мемлекеттік мекеме бірыңғай комиссиямен Банктің мынадай қызметтерінің құнын төлейді:

______________________________________________________________,

______________________________________________________________,

______________________________________________________________,

______________________________________________________________,

______________________________________________________________,

________________________________________________________________.

3.2.13. Комиссияның 3.2.11-тармақта көрсетілген мөлшері Банкке жеке төлеуге берілетін шотпен, Мемлекеттік мекеменің ақшасын Ағымдағы шотқа есептеуден бөлек төленеді және кейіннен Мемлекеттік мекеме Ағымдағы шотындағы ақшаны пайдаланбаған жағдайда Мемлекеттік мекемеге қайтаруға жатпайды.

3.2.14. Мөрді жоғалтқан және қойылған қолдардың үлгілері бар құжатта өзгеріс болған жағдайда Банкке келесі күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

## 4. Төлем карточкасы жүйесі арқылы есеп айырысуларды жүргізу талаптары

4.1. Банк Карточкалары үшін Төлем карточкасы жүйесімен есеп айырысу валютасы АҚШ доллары немесе еуро болып табылады. Төлем карточкасы жүйесі арқылы жасалған Карточкалық операция сомасы осы Карточкалық операция бойынша Банкпен есеп айырысу күніне белгілеген АҚШ долларына немесе еуроға айырбасталады. Егер ағымдағы шот теңгемен жүргізілсе, онда Банк ағымдағы шоттан соманы валютаны сатудың ағымдағы шоттан ақша алынатын күнге белгілеген бағамы бойынша Карточкалық операцияның АҚШ долларындағы не еуродағы сомасына балама теңгемен алады.

## 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Банк:

5.1.1. Ережені бір жақты тәртіппен (Осы Шартта көзделген тәртіппен кейіннен Мемлекеттік мекемені хабардар ете отырып) өзгертуге.

5.1.2. Мемлекеттік мекеменің қосымша акцептінсіз ағымдағы шоттан оларды тікелей дебеттеу жолымен:

- карточкалық операция сомасын;
- тарифтерге сәйкес Банкке тиесілі сыйақыларды;
- ағымдағы шотқа қате есептелген ақшаны ала алады.

5.1.3. Карточкалық операция жасалғаннан кейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн өткен соң ол бойынша Мемлекеттік мекеме жасаған наразылықты қарауға қабылдамауға.

5.1.4. Мемлекеттік мекеме Банкке осы Шартты бұзу туралы жазбаша өтініш ұсынған жағдайда ағымдағы шоттағы ақша есептен шығарылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң ағымдағы шотқа қызмет көрсеткені үшін Мемлекеттік мекемеге сыйақыны қайтармауға.

5.1.5. Карточканы (және) оны (оларды) кейіннен алу және осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзу құқығымен оқшаулауға:

- Мемлекеттік мекеме және/немесе Ұстаушының(лар) осы Шарттың және/немесе Ереже талаптарын бұзған жағдайда;

- ағымдағы шотқа ақша қате есептелген жағдайда;

- өзге жағдайларда Банктің өз қарауы бойынша.

5.1.6. Карточканы(лар) Ұстаушының(лар) не жауапты қызметкердің Карточканы алу үшін Банкке Карточка алуға Өтініш берген күнінен бастап 3 (үш ) күнтізбелік айдан аса келмеу жағдайында Карточканы жоюға және оларға шығарғаны үшін төленген сыйақыны Мемлекеттік мекеме қайтармауға құқылы.

5.2. Мемлекеттік мекеме:

5.2.1. Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотындағы ақшасы шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Ережеге қайшы келмейтін Карточкалық операцияларды жасауға.

5.2.2. Ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмелер алуға.

5.2.3. Ережеде және осы Шартта көзделген тәртіпте Карточканы (лар) оқшаулау/оқшауландырудан шығару туралы Банкке ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге.

5.2.4. Банкті жазбаша хабардар ете отырып, Карточка (лар) бойынша Карточкалық операциялардың кейбір түрлеріне шектеу және белгілі бір уақыт ішінде Карточка (лар) бойынша қол жетімді барынша көп соманы белгілеуге.

5.2.5. Өз бастамашылығы бойынша Карточканы (лар) жабуға Карточка(лар) ұстаушының(лар) қатысуынсыз бастамашылық жасауға құқылы.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Банк мыналрға жауапкершілікті көтереді:

6.1.1. Осы Шарттың тиісінше орындалуына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банктік құпияның жария етілмеуіне.

6.1.2. Мемлекеттік мекеменің пайдасына Банкке түскен ақшаны ағымдағы шотқа аударуды кідірткені үшін - әрбір мерзімі өткен күн үшін уақтылы аударылмаған соманың 0,02 % мөлшерінде.

6.1.3. Мемлекеттік мекеме осы Шарттың талаптарын сақтаған және ағымдағы шоттан сұратылған сома бар болған жағдайда Банк Филиалында Мемлекеттік мекемеге қолма-қол ақша беруді кідірткені үшін әрбір мерзімі өткен күн үшін уақтылы берілмеген соманың 0,02 % мөлшерінде.

6.1.4. Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген операция үшін. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны жоюмен шектеледі.

6.2. Банк:

6.2.1. Үшінші тараптың Карточкаға қызмет көрсетуден бас тартуына.

6.2.2. Карточка бойынша Мемлекеттік мекеме мүдделерін қозғауы мүмкін болған үшінші тарап белгілеген лимиттер, шектеулер және қосымша сыйақылар үшін.

6.2.3. Мемлекеттік мекеменің жоғалған және /немесе ұрланған Карточканы оқшаулау туралы өтінішпен Банкке уақтылы жүгінбеу салдарына.

6.2.4. Карточка ұстаушысын жұмыстан босату не оның қайтыс болуы туралы Банкті уақтылы жазбаша хабардар етпеу салдарына.

6.2.5. Төлем құжаттарының тиісінше ресімделмеу: Мемлекеттік мекеменің Банк қызметтерінің құнын дұрыс есептемеуі, Мемлекеттік мекеменің Карточканың(лар) нөмірін(лер), Мемлекеттік мекеменің атауын, Карточка ұстаушының тегін, атын, әкесінің атын дұрыс көрсетпеу және т.б. жағдайларда ағымдағы шотқа ақша аударудың кідіруі үшін жауапты болмайды.

6.3. Мемлекеттік мекеме:

6.3.1. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісінше орындалуына.

6.3.2. Төлем шарттарында көрсетілген деректемелердің толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ Банкке электронды және қағаз нұсқаларында ұсынылған тізімдегі ақпараттың дұрыстығына.

6.3.3. Жоғалған/ұрланған Карточканың оқшаулау туралы – уақтылы жүгінбеу салдарларына - Банкке толық көлемде келтірілген залалға.

6.3.4. Шарттың талаптарына сәйкес ағымдағы шотқа қате аударылған ақшаның қайтарылмауына.

6.3.5. Ағымдағы шот бойынша ақшаның жұмсалуына жеткіліксіз бақылау, Қағидалар мен Шарттың сақталмауы сақталмауына - Банкке толық көлемде келтірілген залалға.

6.3.6. Карточканы (ларды) ұстаушының (лардың ) кінәсінен Банктің шеккен шығыстар және сот шығындары, Банкке тигізген залал толық көлемде.

## 7. Шарттың қолдану мерзімі және оны өзгерту және бұзу тәртібі

7.1. Шарт әрбір Тарап үшін бір-бір данадан екі тілде мемлекеттік және орыс тілдерінде заң күші бірдей 2 (екі) данада жасалды. Шарт ол аумақтық қазынашылық бөлімшесінде ____ тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 200__ жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді. Бюджеттік шығыстар сыныптамасының ______________ коды бойынша міндеттемелер сомасы ________ теңгені құрайды.

7.2. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделген және оларға екі Тараптың да уәкілетті тұлғалары қол қойған кезде жарамды болады, одан әрі олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шарт бойынша жұмыстардың (қызметтердің) құнына байланысты өзгерістер олар ______________________________ аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеген кезде күші бар.

7.3. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты бұл туралы жазбаша нысанда оны бұзу ұйғарылып отырған күнге дейін кемінде он күн ішінде хабарлап, Шартты бұзуға құқылы.

## 8. Дауларды шешу

8.1. Шарт бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа келмеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2. Тараптар Шарт бойынша барлық мүмкін болатын талаптарды Тараптардың оларды алған сәттен бастап он күн ішінде карауы тиіс деп белгілейді.

## 9. Форс-мажор

9.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара және толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық мынадай жағдайлардың себебі болып табылса: Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей ықпал еткен қауіпті табиғи жағдайлар, өрт, су тасқыны, зілзала, індеттер, соғыс қимылдары, уақытша электр энергиясының және телекоммуникациялық байланыстың болмауы және т.с.с. жауапкершіліктен босатылады.

9.2. Тараптар бір-біріне деректемелерінің (заңды мекен-жайы: шот нөмірі және т.б.) өзгергені туралы дереу хабарлайды.

9.3. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған кезде Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

## 10. Тараптардың орналасқан жерлері, банктік деректемелері мен қолдары:

Банк:____________________________, мекенжайы, _________________________
(пошталық индекс)

Банк телефондары _____________________________________________________,

телеграмма үшін пошталық мекенжай: _________________________________,

Облыстық авторизациялық орталықтардың телефондарын Банк филиалдарының орналасқан жері бойынша анықтауға болады.

Ағымдағы шотқа ақшаны аудару үшін деректемелер:

Алушы: ________________________________________________________________

Алушы банк: ______________________________

Банктің кодлы: ______________________________

БСК: ______________________________

БСН: ______________________________

«төлемнің мақсаты» жолында: карточканың нөмірі, карточканы ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеме: ______________________________

ЖСК ______________________________

БСН: ______________________________

БСК ______________________________

______________________________

(аумақтық қазынашылық бөлімшенің атауы)

Код: ______________________________

телефон: ______________________________

факс: ______________________________

Банк Мемлекеттік мекеме

______________________ ______________________

______________________ ______________________

М.О. М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 28-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 97-қосымша

«Бекітемін»
Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам), олар жоқ болған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы
__________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «___» ___________

«Келісілді»
Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы
__________________________
(Т.А.Ә., қолы)
20__ ж. «___» ___________

**Мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспары**

Кодтар Атауы

Функционалдық топ __________ ________________________

Функционалдық кіші топ __________ ________________________

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі __________ ________________________

Бағдарлама __________ ________________________

Кіші бағдарлама __________ ________________________

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрі __________ ________________________

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Жол коды | Көрсеткіштер | Ерекшелік коды | Тоқсан бойынша сомасы | | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I | II | III | IV | |
| 010 | Барлығы кірістер | | | | | | |
| 011 | Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы | | | | | | |
| 012 | Ағымдағы жылдың түсімдері | | | | | | |
| 020 | Барлығы шығыстар, оның ішінде ерекшеліктер бойынша | | | | | | |
| 021 | оның ішінде, бюджет кірісіне аударуға жататыны | | | | | | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы __________ ____________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 29-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 98-қосымша

«Бекітемін»
Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам), олар жоқ болған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы

__________________________________
(Т.А.Ә., қолы)
20__ ж. «___» ___________________
М.О

**Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама**

Кодтар Атауы
Функционалдық топ __________ ____________________
Функционалдық кіші топ __________ ____________________
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі __________ ____________________
Мемлекеттік мекеме __________ ____________________
Бағдарлама __________ ____________________
Кіші бағдарлама __________ ____________________
Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрі __________ ____________________
Өлшем бірлігі: мың теңге

| Жол коды | Көрсеткіштер | Ерекшелік коды | Тоқсан бойынша сомасы | | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I | II | III | IV | |
| 010 | Барлығы кірістер | | | | | | |
| 011 | Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы | | | | | | |
| 012 | Ағымдағы жылдың түсімдері | | | | | | |
| 020 | Барлығы шығыстар, оның ішінде ерекшеліктер бойынша | | | | | | |
| 021 | оның ішінде, бюджет кірісіне аударуға жататыны | | | | | | |

Қызмет көрсететін аумақтық қазынашылық бөлімшесі
______________________________________________________________
(атауы)

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал олар болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеменің басшысы

__________________ ________________________________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

Мемлекеттік мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы

_________________ ____________________________________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Қабылданған және жүйеге енгізілген 20__ ж. _____________________

Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы

_________________ ____________________________________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 30-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 99-қосымша

«Келісілді»
Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы
__________________________
20__ ж. «___» __________

«Бекітемін»
Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам), олар жоқ болған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы
__________________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
20__ ж. «___» ____________________
М.О

## 20__ ж. ______ арналған мемлекеттік мекемелермен олардың иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама

| | Кодтар | Атауы |
|---|---|---|
| Функционалдық | _______ | ____________________ |
| Функционалдық кіші топ | _______ | ____________________ |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі | _______ | ____________________ |
| Бағдарлама | _______ | ____________________ |
| Кіші бағдарлама | _______ | ____________________ |

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрі _______ ____________________
Өлшем бірлігі: мың теңге

| Жол коды | Көрсеткіштер | Ерекшелік коды | Тоқсан бойынша сомасы | | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I | II | III | IV | |
| 010 | Барлығы кірістер | | | | | | |
| 011 | Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы | | | | | | |
| 012 | Ағымдағы жылдың түсімдері | | | | | | |
| 020 | Барлығы шығыстар, оның ішінде ерекшеліктер бойынша | | | | | | |
| 021 | Оның ішінде бюджеттік кірісіне жататыны | | | | | | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы _________ __________________
(қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысына 31-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне 101-қосымша
№ _ _ _ _ бет
Қалыптастырылған күні
№ 2-26-нысан

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қолма-қол ақшаның бақылау шоттарындағы ақша қозғалысының _________ жағдай бойынша есеп

Өлшем бірлігі _______________________________________________________

| Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың коды | Атауы | Жыл басынан бастап өсу қорытындысының сомасы |
|---|---|---|
| | I. Кірістер: | |
| 1 | Салықтық түсімдер | |
| 01 | Табыс салығы | |
| 1 | Корпоративтік табыс салығы | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 05 | Мұнай секторы ұйымдарының заңды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы | |
| 06 | Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көздерінен мұнай секторы ұйымдары ұстайтын корпоративтік табыс салығы | |
| 07 | Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көздерінен мұнай секторы ұйымдары ұстайтын корпоративтік табыс салығы | |
| 05 | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге арналған ішкі салықтар | |
| 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер | |
| 22 | Мұнай секторы ұйымдарынан алынатын үстеме пайдаға салынатын салық | |
| 25 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін бонустар | |
| 26 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | |
| 27 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін экспортқа салынатын рента салығы | |
| 28 | Мұнай секторы ұйымдарынан жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі | |
| 29 | Мұнай секторы ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі | |
| 2 | Салықтық емес түсімдер | |
| 04 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | |
| 2 | Мұнай секторы ұйымдарына мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | |
| 01 | Мұнай секторы ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | |
| 02 | Мұнай секторы ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | |
| 03 | Мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянды өтеу туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат | |
| 06 | Өзге де салықтық емес түсімдер | |
| 1 | Өзге де салықтық емес түсімдер | |
| 11 | Мұнай секторы ұйымдарынан түскен басқа да салықтық емес түсімдер | |
| 3 | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | |
| 03 | Жер және материалдық емес активтер сату | |
| 1 | Жер сату | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 02 | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер | |
| II. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | | |
| 6 | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | |
| 01 | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | |
| 1 | Елдің ішінде қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | |
| 03 | Республикалық меншіктегі және кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер | |
| III. ҚР Ұлттық қорының ҚБШ арналған түсімдерінің жиыны | | |
| IV. ҚР Ұлттық қорының ҚБШ аударымдар | | |
| 13 | Өзгелер | |
| 9 | Өзгелер | |
| 217 | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі | |
| 005 | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына қаржы аудару ұйымдары | |
| 349 | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейіндегі өзге ағымдағы трансферттер | |
| V. Түскен түсімдер және аударымдар сальдосы | | |
| VI. Қаржы жылының басында ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы | | |
| VII. Есепті кезең аяғында ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы | | |

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органының басшысы ____________________________
(қолы, Т.А.Ә.)
Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы ____________________________
(қолы, Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
32-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне
103-қосымша
2-36 нысан

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарлама

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша шығыстарды және жыл сайынғы сыртқы аудитті өткізуді негіздейтін құжаттарды қарап, Үкімет шотынан мынадай шығыстарды есептен шығаруға келісетіні туралы хабарлайды:

| Шығыстардың түрлері | Сомасы теңгемен |
|---|---|
| Ұлттық Банкке комиссиялық сыйақы | |
| Сыртқы басқарушыларға комиссиялық сыйақы | |
| Кастодиандар көрсететін қызметтері | |
| Заң кеңесшісінің көрсететін қызметтері | |
| Сыртқы аудитордың көрсететін қызметтері | |
| Басқа шығыстар | |
| Сыртқы басқарушымен келісімді мерзімнен бұрын бұзған кезде пайда болған шығындар | |
| Барлығы | |

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі ____________________
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 392 қаулысына
33-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
105-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп

## күні ____________________

| Р/с № | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Ұлттық қордың (бұдан әрі – Қор) есепті кезеңінің басындағы қаражаты, БАРЛЫҒЫ | |
| 2 | Түсімдер, БАРЛЫҒЫ: | |
| | Оның ішінде:<br>- мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда)<br>оның ішінде:<br>корпоративтік табыс салығы;<br>үстеме пайдаға салынатын салық; | |

| | | |
|---|---|---|
| | бонустар;<br>пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық;<br>экспортқа салынатын рента салығы;<br>жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі;<br>мұнай секторы ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі;<br>- мұнай секторы ұйымдарымен жүзеге асырылатын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджетке түсетін кірістерді қоспағанда)<br>оның ішінде:<br>мұнай секторы ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;<br>мұнай секторы ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;<br>табиғатты пайдаланушылардан зиянды өтеу туралы талаптар бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түскен қаражат;<br>мұнай секторы ұйымдарынан түскен басқа да салықтық емес түсімдер<br>- республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру әрі қайта өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;<br>- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;<br>- инвестициялық кірістер;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер | |
| 3 | Пайдаланылуы, БАРЛЫҒЫ: | |
| | Оның ішінде:<br>- кепілдік берілген трансферт;<br>- нысаналы трансферттер;<br>Қорды басқаруға байланысты және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу | |
| 4 | Қордың есепті кезеңінің аяғындағы қаражаты, БАРЛЫҒЫ: | |

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы ________________________

(Т.А.Ә., қолы)

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты орындаушысы ______________________

(Т.А.Ә., қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК